**<u>ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің</u>**

**<u>«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК</u>**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**«Айгөлек» ересек тобы**

**Тәрбиешілер: А.Б.Калигожина**

**А.Қ.Қондыбаева**

**2025-2026ж**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (01.09-05.09.2025жж)
**Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.**
Еңбекқорлықтың маңызын түсіндіру.
Әрбір істі жауапкершілікпен орындауға баулу.
Еңбек арқылы білім мен біліктілікке жетуге болатынын ұғындыру.
Еңбекті қадірлеуге,үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
**Апта дәйек сөзі:** **«**Ежелден ел тілегі-ер тілегі,адал ұл ер боп туса-ел тірегі» Б.Момышұлы Адал азамат бір тұтас тәрбие
**Тәрбиешілер:** Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі<br>01.09.2025ж | Сейсенбі<br>02.09.2025 ж | Сәрсенбі<br>03.09.2025ж | Бейсенбі<br>04.09.2025ж | Жұма<br>05.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | **Қаржылық сауаттылық**«Банк»<br>Бір бала банк қызметкері**,** басқалары клиенттер болады.<br>Балалар өз дөңгелектерін банкке «сақтауға қояды».<br>Кейін «дүкенге бару үшін» банкке келіп:<br>– «Маған ақшамды беріңізші» дейді.<br>– Қызметкер тиісті дөңгелегін қайтарады.<br>Егер клиенттің ақшасы болмаса, ол зат ала алмайды.<br>Осылайша балалар «ақша бар – сатып аламын, ақша жоқ – сатып ала алмаймын» ұғымын меңгереді. | **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>«Жақсы – Жаман»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды адалдыққа, дұрыс пен бұрысты ажырата білуге, жақсы қылықтарды таңдап үйренуге тәрбиелеу.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>Суреттер немесе карточкалар (мысалы:<br>Бала гүлді суарып тұр.<br>Бала достарына ойыншық беріп тұр.<br>Бала қоқысты жерге тастады.<br>Бала өтірік айтып тұр, т.б.)<br>«Күн» және «Бұлт» суреті (немесе смайликтер | **Экологиялық тәрбие**<br>«Қоқыс қайда кетеді?»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға табиғатты қорғауды, қоқысты дұрыс сұрыптауды үйрету.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>Әртүрлі суреттер немесе ойыншықтар (пластик бөтелке, қағаз, алма қабығы, гүл, бөтелке қақпағы, т.б.)<br>Екі қорап (біреуін «Қайта өңдеу», екіншісін «Қалдық» деп жазып қоюға болады, суретпен белгілесе де жеткілікті).<br>Тәрбиеші балаларға қораптарды көрсетіп:<br>– «Балалар, қоқыстар әртүрлі болады. Кейбірін қайтадан пайдалануға болады, ал кейбірін болмайды. Қайта өңдеуге | **Адалдық әліппесі**<br>**«Дос болайық бәріміз»**<br>*Ойынның мақсаты:*<br>ұжымда бірлікті қалыптастыру.<br>Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:<br>- орындыққа көтерілу және түсу;<br>- үстелдің астынан өту;<br>- «көлді» айналып өту»;<br>- «ну орман» арқылы өту»;<br>- «жабайы жануарлардан» жасырыну.<br>Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші балаларға суретті көрсетіп:<br>– «Балалар, мына бала не істеп жатыр? Бұл дұрыс па, бұрыс па?» – деп сұрайды.<br>Егер іс-әрекет **жақсы** болса (адал, қайырымды, таза, еңбекқорлық), балалар суретті «Күннің» қасына қояды.<br>Егер іс-әрекет **жаман** болса (өтірік, ұрыс, қоқыс тастау, алдау), балалар суретті «Бұлттың» қасына қояды.<br>Әр сурет бойынша қысқа әңгімелесу жүргізіледі:<br>– «Неліктен бұл жақсы іс?»<br>– «Бұл әрекет неге жаман?» | жарайтынды осы қорапқа саламыз, ал жарамайтынды мына қорапқа саламыз», – деп түсіндіреді.<br>Балаларға әртүрлі заттардың суреттерін немесе ойыншықтарды береді.<br>Балалар затты таңдап, қай қорапқа салу керегін шешеді. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.  Гимн кезінде | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудрту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі «Кедергіден өтеміз» ЖДЖ:** Алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу; аяқ ұшымен көтерілу. **Негізгі қимыл:** Жолақ | **Музыка (маман жоспары бойынша)** Көңілді марш тыңдату. Әуеннің көңіл-күйін ажырату. **Ән айту:** «Біз ойнаймыз» әнін шапшаң ырғақта айту. **Қимыл:** Марш | **Қазақ тілі** «Ертегілер әлемінде» **Тілдік дамытушы орта:** «Бауырсақ», «Шалқан» сияқты таныс ертегілерді сурет бойынша қайталап айту. **Сөйлеудің дыбыстық** | **Дене тәрбиесі** "Бір жанымен, шапшаң қадаммен жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін | **Музыка «Музыка тыңдай білейік» Музыка тыңдау:** Баяу вальс тыңдату. Балалар әуенді соңына дейін тыңдап, әсерімен бөліседі. **Ән айту:** «Қошақаным» әнін мәнерлеп айту. **Қимыл:** Әуенге сәйкес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстімен жүру, кедергілерден аттап өту.<br>**Ырғақтық жаттығу:** Музыка ырғағымен секіру.<br>**Ұлттық ойын:** «Соқыр теке».<br>**Мәдени-гигиеналық дағды:** Ас құралдарын дұрыс пайдалану.<br>**Сауықтыру шарасы:** Күн сәулесімен шынығу. | жүрісін жасау.<br>**Аспап:** Қоңырауды ырғақпен соғу.<br>**Би:** Балалар қатарға тұрып, шапшаң қимылдар орындайды.<br>**Дене тәрбиесі «Жүгіріп ойнаймыз»**<br>**ЖДЖ:** Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу; еңкею, шалқаю.<br>**Негізгі қимыл:** Бірқалыпты жүгіру, жүруді жүгірумен алмастыру.<br>**Ырғақтық жаттығу:** Музыка ырғағымен жүгіруді баяулатып, тоқтау.<br>**Ұлттық ойын:** «Орамал тастау».<br>**Мәдени-гигиеналық дағды:** Тісті тазалау<br>**шарасы:** Серуен кезінде жеңіл жүгіру. | **мәдениеті:** Қазақ тіліне тән **қ, ғ** дыбыстарын дұрыс айту (сөздер: «қой, қасқыр, ғарыш, ғылым»).<br>**Сөздік қор:** «Қоян, қасқыр, түлкі, аю».<br>**Грамматикалық құрылым:** Жіктеу («Қоян секірді», «Түлкі алдады»).<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Ертегіні кейіпкерлер бойынша бөліп әңгімелеу<br>«Әуен көңілді ме?» | шашырап жүру мен жүгіруді үйрету. | аяқтан аяққа тербелу, қолды жай қимылдату.<br>**Аспап:** Сылдырмақпен ырғақты қағу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Менің балабақшаммен танысу»**<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**«Сиқырлы қапшық» ойыны, п, б, м дыбыстары, «Балабақшам – екінші үйім» өлеңі.<br>**Қазақ тілі** – қ, ғ дыбыстарымен сөздер айту, санамақ жаттау.<br>**Математика негіздері** – «Түрлі-түсті пойыз» әдісі, «көп – аз» ұғымын бекіту.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Менің топ бөлмем» таныстыру, еңбек құралдарының атауын үйрету. | **«Менің достарым»**<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**«Жұппен әңгіме», ж, ш, з дыбыстары, достық тақпағы.<br>**Қазақ тілі** – ө, ү дыбыстары бар сөздер айту, «санамақ-доп» әдісі.<br>**Математика негіздері** – «Жиынға қонақ шақыр» ойыны.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Достық гүлі» құрастыру. | **«Менің тәрбиешім және еңбек»**<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**«Кім не істейді?» рөлі, л, р, н дыбыстары, «Еңбек түбі – береке» мақалын талдау.<br>**Қазақ тілі** – ұ, і дыбыстарын сөз ішінде айту, «Тәрбиеші – бізге дос» тақпағы.<br>**Математика негіздері** – ұзын-қысқа, жуан-жіңішке салыстыру, геометриялық пішіндерден құрастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Тазалық патрулі» ойыны: бөлме тазалау, гүл суару. | **«Менің балабақшам – екінші үйім»**<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**«Қиял әлемі» әдісі, «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.<br>**Қазақ тілі** – қ, ғ, ө дыбыстарымен сөздер айту.<br>**Математика негіздері** – кеңістікте бағдарлау: оң-сол, үстінде-астында; уақыт бөліктері.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Менің Отаным – Қазақстан» слайд, қалалар атауы.<br>**Шығармашылық** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру,жуыну кезінде киімді суламау,жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Кім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қызмет ету дағдылары,  ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | **Бақылау:**Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндетері. Құстарды танып білу (торғай, қарға, шымшық, сауысқан, көгершін), дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту; қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.<br><br>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. | **Бақылау:**Күн-жылу мен жарық көзі. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>Зерттеу.<br><br>Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br><br>- Күнге қарағанда, | **Бақылау:**Өрмекші мен өрмекті бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру.<br><br>Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. | **Бақылау:**Солған гүлдерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді анықтау: гүлдер (бөлме, бақша, шабындық); өсімдіктерді күзде солып кетуін суықтардың келуіне қарапайым себеп-салдарлық байланысты деп анықтауға көмектесу.<br><br>Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.<br><br>Жақан Смақов<br><br>Шыр-шыр еткен торғайды<br><br>Қорғамасаң, болмайды.<br><br>Кіп-кішкентай торғайлар<br><br>Ағаштарды қорғайды.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару).<br><br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым | өзіңді қалай сезінесің?<br><br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br><br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br><br>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br><br>Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына | Жұмбақ.<br><br>Шидиген ұзын сирағы,<br><br>Тастай керең құлағы.<br><br>Сөйтіп жүріп көп жерге,<br><br>Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.)<br><br>Қимылды ойын. «Маймылдар». (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуды үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету. Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға | қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.<br><br>Міне, келіп жетті ауламызға сұрғылт кезең,<br><br>Көше, бау-бақшаны тұман басып, елең-елең.<br><br>Гүлдер солып, жапырақтар түсіп, жел соқты,<br><br>Көл бетінде қаздар шулап, қанат қақты. (Д. Ахметова)<br><br>Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмаларды орындауды үйрету.<br><br>Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны «Күн мен жаңбыр» (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене | ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br><br>Мақсат-міндеттер: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, | тәрбиелеу.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Құралдар: асықтар, шеңбер.<br><br>Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден | жинауға көмектесу.<br><br>Мақсат-міндеттер: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілікті) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Ойындарда физикалық қасиеттерді (шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br><br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br><br>«Өз орныңды ал» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың қимылды | қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br><br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br><br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге | 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.<br><br>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; | ережелерін саналы түрде сақтауға баулу, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, достыққа тәрбиелеу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br><br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br><br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, барлығы тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойындарға қызығушылығын дамыту, ойынды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік), реакциясын, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; достыққа, адалдыққа тәрбиелеу.<br><br>Ойыншылар шеңбер бойымен тұрады, кезекпен нөмірленеді.<br><br>Жүргізуші шеңбердің ортасына тұрады.<br><br>Жүргізуші дауыстап кез келген екі нөмірді атайды.<br><br>Аталған нөмірлердегі ойыншылар тез | тез әкеліп беруі керек.<br><br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br><br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br><br>Жабдығы: ақ сүйек.<br><br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен түлкімін!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, | вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br><br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек: «Өрмектеп жинау».<br><br>Мақсат-міндеттер. Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау қабілетін дамыту.<br><br>Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен | "Ақ серек, көк серек,<br><br>Бізден сізге кім керек?"<br><br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br><br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br><br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс.<br><br>"Кім қапшықты алыс лақтырады? қимылды жаттығуы (дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындарын ауыстыруы керек.<br><br>Жүргізушінің мақсаты — ауысып жатқанда босап қалған орындардың біріне жылдам барып тұрып қалу.<br><br>Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады.<br><br>Асфальтқа сурет салу байқауы.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.<br><br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үйлестіруге, ептілікке тәрбиелеу<br><br>«Кең қадам» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br><br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.<br><br>"Шеңберді дәлде".<br><br>Мақсат-міндеттер: | қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу.<br><br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Ойындарда физикалық қасиеттерді (шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе | тәрбиесі).<br><br>Мақсат-міндеттер: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру; дәлдікке, дербестік танытуға баулу, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br><br>Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?" (қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғи құбылыстарды ажыратуды үйрету.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек: «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру». «Өнегелі тәрбие»<br><br>Мақсат-міндеттері. Тапсырманың маңыздылығына мән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. | жіптер төселінеді.<br><br>Өз бетімен ойындар ойнау.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар ойнау.<br><br>Мақсат-міндеттері.Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан   ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа  толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | сурет салу (дәстүрден тыс: трафарет пен губка), жапсыру: «Балабақша терезелері», құрастыру: лего ғимарат, мүсіндеу: ойыншық. **Қимыл-қозғалыс** – «Топқа жиналайық» ойыны. | **Зерттеу: «**Тақырыбы: Табиғат кереметі. Мақсаты: Балаларға табиғат бөліктерінің қызметі алатын орын ерекшелігі қасиеті жайлы ұғындыру, таныстыру Барысы: Балалар табиғат бөліктері салынған үлестірмелі материалдарды таңдап алып,солардың атынан сөйлеп олардың не істей алатыны жөнінде сөйлейді. Күн не береді? «жылу, жарық,күн энергиясын береді » Жел не істейді? «соғады, бұлттарды көшіреді» Шөптер не істейді? «шығады, өседі, көгереді» Гүлдер не істейді? «өседі,ашылады сәр береді» Табиғат | **Вариативтік компанент** (маман жоспары бойынша) | сурет салу (дәстүрден тыс: құммен сурет), жапсыру: «Балабақша ауласы», құрастыру: табиғи материалдардан макет, мүсіндеу: ғимарат. **Қимыл-қозғалыс** – «Менің сүйікті ойыным». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | адамнан қандай көмек күтеді? Аялағанды қамқорлықты сүюді күтеді. Ойын. Тақырыбы: Жыл мезгілдері. Мақсаты: Балаларға табиғат бөліктерінің жыл мезгіліндегі өзгерістерін ажырата білуге баулу. Көрнекі құралдар:Табиғат бөліктерінің суреті салынған картон қағаз, «бұлт, күн, жел, шөп,гүл» Күтілетін нәтиже: Балалар табиғаттағы өзгерістерді ажырата білді. түсіндіру | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?"<br><br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғат | Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің | Театрды сахналау.<br><br>"Үйшік" ертегісін сахналау.<br><br>Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын, | Дидиактикалық ойын "Жанды және жансыз табиғат".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құбылыстарын ажырата білу.<br><br>Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Бала осы суреттердің ішінен күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы, "Күн бұлттардың артында жасырынып тұр".<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету.<br><br>Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық дағдылар) | кейіпкерлердің әрекеттерін естерінде жаңғырту, театр өнеріне қызығушылықтарын арттыру.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | жансыз табиғат туралы білімдерін жүйелеу.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**Бұлтты бақылау. Мақсаты:Бұлтты бақылай отырып , оның түрлерін ажырату және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы;Будақ бұлт, қабатты бұлт (Танымдық, коммуникативтік әрекеті) Дидактикалық ойын:«Кімге қандай құрал керек» Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу. (сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік | **Бақылау:** Құстың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты:Құстың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбірінің қыстап қалатыны туралы түсініктерін қалыптастыру, түсіндіру. (Танымдық, зерттеу, коммуникативтік әрекеті) Қимылды ойын:«Құс болып ұшайық» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. (Танымдық, коммуникативтік әрекет) Қимылды ойын: «Тымпи-тымпи» Мақсаты:Ептілікке, ұйымшылдықққ, жылдамдыққа үйрету. (қимыл-қоғалыс, танымдық әрекет). Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау. | **Бақылау:** Жапырақтардың түсуін бақылау. Мақсаты: Жапырақтүрлері, түстерімен таныстыру;сары жапырақ , қызыл жапырақ., Жапырақтың табиғат үшін маңыздылығын түсіндіру. (Танымдық, коммуникативтік әрекет) Дидактикалық ойын: «Біз кішкене отбасы». Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, қамқорлыққа, адамгершілік қасиеттерге баулу. (сәйлеуді дамыту- | **Бақылау:** Ауа-райының салқындауын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа –райы туралы мәлімет беру. жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. (Танымдық, коммуникативтік әрекет) Көркем сөз оқу: Отан-менің ата-анам Отан- досым, бауырым. Отан-өлкем, астанам Отан-туған ауылым (көркем әдебиет-танымдық, коммуникативтік, әрекеті). Еңбек: Құмдағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын әрекеті). Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. (Еңбек әрекеті) Балалардың өз бетімен ойнауы. | байқампаздыққа үйрету (қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті) Еңбек:Біздің | Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен қияли ойлауларын дамыту (Еңбек әрекеті) Балалардың өз бетімен ойнауы. | коммуникативтік-шығармашылық әрекеті). Еңбек: «Таза аула» Мақсаты:Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. (Еңбек әрекеті) | ойыншықтарын жинастыру. Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу. (Еңбек әрекеті) 4. Балалардың өз бетімен ойнауы. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анамен әңгімелесу: Балабақашада баланың өзін-өзі ұстауы оқу қызметтерінде белсенділігі жайлы әңгіме жүргізу. | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. | «Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес. | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | «Балаларға арналған үй жиhазы» атты сұрақ-жауап. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2- апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (08.09-12.09.2025жж)
**Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.**
Еңбекқорлықтың маңызын түсіндіру.
Әрбір істі жауапкершілікпен орындауға баулу.
Еңбек арқылы білім мен біліктілікке жетуге болатынын ұғындыру.
Еңбекті қадірлеуге,үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
Апта дәйек сөзі: «Ақырын жүріп анық бас,еңбегің кетпес далаға» Абай Құнанбаев Адал азамат бір тұтас тәрбие
**Тәрбиешілер:** Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 08.09.2025 ж | Сейсенбі 09.09.2025 ж | Сәрсенбі 10.09.2025ж | Бейсенбі 11.09.2025ж | Жұма 12.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «**Қазақ тілі**<br>Жаңылтпаш айту»<br>**Мақсаты:** Дикцияны, анық сөйлеуді жетілдіру.<br>**Мысалдар:**<br>Қап-қара қап, қапта қап бар.<br>Қырық қоян қырық қырға шықты. | **Коммуникативтік дағдылар** Кім жылдам?»<br>**Мақсаты:** Балаларды сөзді тез табуға, ойлауға жаттықтыру.<br>**Өткізу тәртібі:**<br>Тәрбиеші бір тақырып айтады, балалар кезекпен сөздер айтады.<br>Жемістер (алма, өрік, жүзім...)<br>Жануарлар (қоян, қасқыр, аю...)<br>Көлік түрлері (автобус, пойыз, велосипед...) | **Ерте кәсіптік бағдар беру**<br>«Кім қалай ақша табады?»<br>**мамандықтар**<br>Әр балаға бір мамандықтың суреті беріледі. Мысалы:<br>Дәрігер – адамды емдейді, ол үшін ақша алады.<br>Мұғалім – балаларды оқытады, білім береді, ол үшін жалақы алады.<br>Құрылысшы – үй салады, еңбегі үшін ақша табады.<br>Аспаз – тамақ дайындайды, соның арқасында ақша табады.<br>Балалар өз суретін көрсетіп, мамандығы не істейтінін және қалай ақша табатынын айтады. | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Орамал тастау» алалар дөңгелене отырып шеңбер құрайды. Бір бала — жүргізуші, қолына орамалды ұстайды. Жүргізуші әндетіп немесе тақпақ айтып жүріп, байқатпай бір баланың артына орамалды қояды.Егер артында орамал жатқанын бала байқаса, тез алып, жүргізушіні қуып жетуге тырысады.Жүргізуші бос орынға жетіп отырса — қуып жеткен бала жүргізуші болады. Ал жетпей қалса, ойын сол қалпында жалғасады. | **«инновациялық әдістер мен тәсіл**<br>Роботқа бұйрық бер»<br>**Технология:** қозғалыс ойындары + робототехника элементі (Bee-bot сияқты ойыншық болмаса, тәрбиеші "робот" болады)<br>Бір бала «робот» рөлінде.<br>Басқа балалар оған қарапайым командалар береді: «Алға бір қадам», «Оңға бұрыл», «Орындыққа бар».<br>Егер ойыншық робот болса, балалар командаларды түймелер арқылы басып, роботтың жүруін бақылайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**Дене қимылдарын дамыту**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, жоғары, жан- | **Музыка**<br>Әуенді сезейік»<br>**Музыка тыңдау:** Қазақ күйінен қысқа әуен тыңдату. | **Қазақ тілі**<br>«Менің балабақшам»<br>**Тілдік дамытушы орта:** Балабақшадағы бөлмелер, ойын алаңы туралы | **Дене тәрбиесі**<br>**Қимылды үйлестіру**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жан-жаққа созу, айналдыру; тізені бүгіп- | **Музыка (маман жоспары бойынша)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаққа көтеру; саусақтарды бүгіп-жазу; оңға-солға иілу; алға еңкею, шалқаю; аяқ ұшымен көтерілу.<br>**Негізгі қимылдар:** Өкшемен жүру, сапта бір-бірден жүру, бағытты өзгертіп жүру.<br>**Ырғақтық жаттығулар:** Музыка әуенімен бұрын үйренген қимылдарды орындау.<br>**Ұлттық ойын:** «Ақсерек-көксерек».<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Тамақтанар алдында қолды жуу, бет пен қолды таза ұстау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Киімін жинау, ұқыпты ілу.<br>**Сауықтыру шаралары:** Серуен кезінде тыныс алу жаттығулары. | **Ән айту:** «Әрқашан күн сөнбесін» әнінің алғашқы шумағы.<br>**Қимыл:** Домбыра тартқанды қимылмен бейнелеу.<br>**Аспап:** Асатаяқты ырғақпен қағу.<br>**Би:** Қазақ биінің қарапайым иық қимылы.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Қимылды үйлестіру**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жан-жаққа созу, айналдыру; тізені бүгіп-жазу; қолды белге қойып оңға-солға иілу; өкшемен және ұшымен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:** Бір-бірден сапқа тұру, қосалқы қадаммен жүру, жүгіруді секірумен алмастыру.<br>**Ырғақтық** | әңгімелесу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тән **ө** дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру (сөздер: «өрік, бөбек, көже»).<br>**Сөздік қор:** «Тәрбиеші, ойыншық, бөлме, тақта, үстел, орындық».<br>**Грамматикалық құрылым:** Сөздерді септеу (кімде? неде? үстелде, тақтада).<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Балабақша туралы қарапайым әңгіме құрастыру. | жазу; қолды белге қойып оңға-солға иілу; өкшемен және ұшымен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:** Бір-бірден сапқа тұру, қосалқы қадаммен жүру, жүгіруді секірумен алмастыру.<br>**Ырғақтық жаттығулар:** Әуен ырғағына сәйкес баяу және жылдам қимылдар жасау.<br>**Ұлттық ойын:** «Алтыбақан» (жерде қарапайым түрін ұйымдастыру).<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Асхана құралдарын дұрыс пайдалану.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Қолданған ыдыстарды орнына қою.<br>**Сауықтыру шаралары:** Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін жалаңаяқ жүру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **жаттығулар:** Әуен ырғағына сәйкес баяу және жылдам қимылдар жасау.<br>**Ұлттық ойын:** «Алтыбақан» (жерде қарапайым түрін ұйымдастыру).<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Асхана құралдарын дұрыс пайдалану.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Қолданған ыдыстарды орнына қою.<br>**Сауықтыру шаралары:** Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін жалаңаяқ жүру. | | | |
| | **«Менің ең жақын досым»**<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**Әңгіме: «Менің досым қандай?». Дыбыстық жаттығу: ж – з дыбыстарын | **«Достар бірге ойнайды»**<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**Рөлдік әңгіме: «Менің досым ойынға шақырды». Ертегі тыңдау: «Шын | **«Досыммен бөлісемін»**<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**Әңгіме: «Мен досыммен не бөлісемін?». Мақал жаттау: «Дос жылатып айтады, | «Досым – сенімді серігім»<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**Диалог: «Досыма көмектесемін». Ертегі тыңдау: «Арыстан мен тышқан» (достық туралы).<br>**Қазақ тілі** – Дыбыстық | «Достар – біздің байлығымыз»<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**«Менің ең жақсы досым» әңгімесі. Ертегі мазмұнын қайталау: «Шын достар». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажырату. «Менің досым» өлеңін тыңдау.<br>**Қазақ тілі** – «Әріптен сөз құрастыр» ойыны (ө, ү дыбыстарымен).<br>**Математика негіздері** – «Досымды тап» ойыны: балаларды жұптап, бірдей заттарды табу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Досымның мінезі» – жақсы қасиеттерін атау. | достық».<br>**Қазақ тілі** – «Кім жылдам?» ойыны – суретке сәйкес сөз айту (қ, ғ дыбыстарымен).<br>**Математика негіздері** – «Артық-кем» ойыны – бір қатардағы ойыншықтарды салыстыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – Достармен ойнағанда қандай ережелерді сақтау керегін талқылау. | дұшпан күлдіріп айтады».<br>**Қазақ тілі** – «Сиқырлы қорап» ойыны – ішінен ойыншық алып, сөз құрау (ұ, і дыбыстарымен).<br>**Математика негіздері** – «Кімге қанша жетті?» – ойыншықтарды тең бөлу. | эстафета – әр бала досқа байланысты бір сөз айтады.<br>**Математика негіздері** – Геометриялық пішіндерді қолдану арқылы «Достар үйі» құрастыру. | **Қазақ тілі** – Барлық өтілген дыбыстарды қайталау: қ, ғ, ө, ү, ұ, і. Қысқа тақпақтар айту.<br>**Математика негіздері** – Кеңістікте бағдарлау: «Досым оң жағымда, сол жағымда». Уақыт: «Бүгін – ертең – кеше». |
| **Екінші таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br><br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br><br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br><br>Тамақты тауысқан балақай<br><br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**Аспанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Бақылау: табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (бұлт, жел) кеңейту.<br><br>Аспанға назар аударту, оның түсін атауды ұсыну (көгілдір немесе сұр).<br><br>Жұмағали Саин<br><br>Мөлдір аспан көк торғындай төгілді,<br><br>Бір тамаша күйге бөлеп өмірді,<br><br>Қуандым да жас баладай шаттандым, | **Бақылау:**Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау барысында күзгі құбылыстар қасиеттерін анықтауға, желдің соққанын, жапырақтардың түскенін байқауға ынталандыру.<br><br>Күзгі табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту.<br><br>Жұмбақ | **Бақылау:**Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушы еңбегінің ерекшеліктерін байқауға үйрету; өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>Танымдық әрекеттерін белсендіру; еңбек нәтижесін бағалауды | **Бақылау:**Экология. "Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман); шыршаның бұтақтарында қылқандардың болуын, олардың үнемі жасыл болып, жапырақтар ұқсап жерге түсіп қалмайтынын | **Бақылау**:Жаңбырды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру.<br><br>Мүбәрәк Жаманбалинов "Жаңбыр"<br><br>Аспанда бұлт түйілді,<br><br>Жерде ойнатты құйынды.<br><br>Табиғат отпен қол қойып,<br><br>Ақырып бұлтқа бұйырды: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күлді жүрек, жан сырымды ақтардым.<br><br>Аспанда бұлттардың бар немесе жоқ болғанын байқату. Бұлттар (бал болса) түсі ақ немесе сұр болғанын табу.<br><br>Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі.<br><br>Қимылды ойын. «Ұшақтар». (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды орындауды бекіту. Көңілді ойнауға шақыру.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт | Ағайынды бәрі,<br><br>Шықса жасыл,<br><br>Түссе сары. (Жапырақ.)<br><br>Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br><br>Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру.<br><br>Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды.<br><br>Мұзафар Әлімбаев «Сары жапырақтар | үйрету.<br><br>Мақал-мәтел.<br><br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br><br>Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығын түсіндіру; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегін құрметтеуді үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойын. «Құнан шабысы» | байқату; экологиялық білім негіздерін қалау: шыршаның адам ағзасына пайдасы туралы түсіндіру.<br><br>Жұмбақ.<br><br>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша.)<br><br>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі, қылқан жапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелер, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа | Жу егінді, бақшаны!<br><br>Көшедегі бас шаңды<br><br>Бұлт бұйрықтан аспады,<br><br>Жаңбыр жауа бастады.<br><br>Күзгі жаңбыр жазғы жаңбырға мүлдем ұқсамайды. Күзгі жауын-шашын суық болады. Кішкентай тамшылар жерге түсе бастаса, екі, үш күн тоқтамай жауып тұруы мүмкін. Күзгі жаңбыр жиі және тоқтаусыз жауады. Аяқтың асты балшық, аспан түнжыраған, дала сұрланып, суық жаңбыр жауады. Күздегі жаңбырдан соң қыс келіп, ақ қар жауады. Адамдар жаңбырда күртеше, пәлте мен етік киіп жүреді. Құстар да жауын-шашыннан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Дидактикалық ойын:** «жылдам сөйлем құра»Шарты: суретке қарап жылдам сөйлем құрай білу.( Сөйлеуді дамыту коммуникативтік әрекет) | **Шығармашылық әрекеттер**<br>Сурет салу: «Ауыл адамдары еңбекте»<br>Құрастыру: «Қамба»<br>Жапсыру: «Еңбек құралдары»<br>Мүсіндеу: «Дән қаптары»<br>**Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы**<br>«Еңбек», «береке» сөздерін қолдану | **Зерттеу:** « Аузымызға не түсті, тісімізге не тиді ?»<br>Мақсаты: Балалардың аузына түскен заттың не екенін білуге, дәмін сезіп тауып айтуға үйрету.<br>Керекті құралдар: ыдыс, көкөністер мен жемістер, шанышқы,орамал. Ойын: «Дәмін ажырат»<br>Мақсаты: Тісіне тиген заттың дәмін ажыратып айтуға үйрету. Барысы: Үлкен ыдысқа көкөністер мен жемістерді кесектеп турап аламыз, балаларды бір бірлеп шақырып, орамалмен көздерін байлап, енді аузыңды аш деп, шанышқымен жеміс немесе көкөністің түйірін аузына салу. Бала тісіне тиген затты шайнап не екенін дәмінен ажыратып айта | **Вариативтік компанент** (маман жоспары бойынша)<br>**Шығармашылық әрекеттер**<br>Сурет салу: «Жылы киімдер»<br>Құрастыру: «Шкаф»<br>Жапсыру: «Қолғаптар»<br>Мүсіндеу: «Етік»<br>**Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы**<br>Киім атауларын қазақша айту | **Шығармашылық әрекеттер**<br>Сурет салу: «Алтын күз мерекесі»<br>Құрастыру: «Мерекелік дастарқан»<br>Жапсыру: «Күзгі әшекей»<br>Мүсіндеу: «Күзгі сыйлық»<br>**Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы**<br>Күз туралы тақпақ жаттау, байланыстырып сөйлеуді дамыту |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | алу керек. Бұл ойын тәрбиеші көмегімен ойналады. Балаларды бір бірлеп шақырып,кезектесіп ойналады. Күтілетін нәтиже: балалар көкөніс пен жемістің дәмін ажырата алды. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Күз туралы өлеңдерін жаттау қайталау. Мақсаты: Балабақшада бала тілін дамытудың негізгі мақсаты: ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту.(Сөйлеуді дамыту коммуникативтік әрекет) | Дидактикалық ойын: «Жеміс пе көкөніс пе?» Мақсаты: Диқан атаның кабындағы жемістер мен көкөністер ажырытып, бөліп екі себетке салуға үйрету; (Қоршаған орта танымдық, ойын әрекеті). | Дидактикалық ойын:«Суреттерді орналастыр» Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру,өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру,ойлау қабілетін дамыту. (Қоршаған Саусақ ойындарын қайталату «Моншақ» «Топтастыр» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін логикалық ойындар арқылы дамыту(математика негіздері-танымдық, коммуникативтік, ойын әрекеті). | Саусақ ойындарын қайталату «Моншақ» шашып алдым моншақты. Шымшып, теріп аламын, Қорабына саламын. Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту (Сөйлеуді дамыту коммуникативтік, ойын әрекеті). |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қимылды ойын:** «Кім ұстады?». Бір бала қуады, қалғандары қашады. Ұсталса, ол келесі қуғыншы болады. | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** Қояндар секіріп жүреді, «Түлкі шықты!» дегенде інге тығылады. | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн шықты» дегенде жүгіреді, «Жаңбыр» дегенде паналайды. | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** Балалар құс болып ұшады, белгі берілгенде «ұясына» қонады. | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** Балалар ойнап жүреді, «Аю оянды!» дегенде қаша жөнеледі. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (03.11-07.11.2025ж)
**Қараша – Әділдік және жауапкершілік-біртұтас ұғым!**
Әділдік пен жауапкершілік біртұтас ұғым бұл екеуі бірге болғанда ғана адам тұлға ретінде қалыптасады.
**Апта дәйек сөзі:**«Ел-жұртымның бақыты аталатын,сөнбесін мәңгі сенің,Отан атың!» Адал азамат бір тұтас тәрбие
**Тәрбиешілер:** Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 03.11.2025 ж** | **Сейсенбі 04.11.2025 ж** | **Сәрсенбі 05.11.2025ж** | **Бейсенбі 06.11.2025ж** | **Жұма 07.11.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</td></tr>
<tr><td>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</td><td>Ерте кәсіптік бағдар беру<br>Ойын: «Кімнің еңбегі?»<br>Тәрбиеші суреттер көрсетеді (дәрігер, аспаз, құрылысшы, мұғалім, т.б.) және:<br>– «Бұл кім? Ол не істейді?» – деп сұрайды.<br>Балалар мамандықты атайды, еңбегін сипаттайды.</td><td>Қаржылық сауаттылық<br>Ойын: «Ақша қайда кетеді?»<br>Балаларға суреттер көрсетіледі: азық-түлік, ойыншық, кітап, тәтті.<br>Тәрбиеші: «Бұларды сатып алу керек пе, әлде күткен дұрыс па?» деп сұрайды.<br>Балалар талқылайды, дұрыс шешім табады.</td><td>Адалдық әліппесі<br>Ойын: «Шындық аралы»<br><br>Тәрбиеші түрлі жағдайларды айтады:<br>– «Бала ойыншықты сындырып, жасырды»<br>– «Бала анасына бәрін шын айтты»<br>Егер іс-әрекет адал болса – балалар күн суретін, өтірік болса – бұлт суретін көтереді.</td><td>Құқықтық сауаттылық<br>Ойын: «Менің міндетім мен құқығым»<br><br>Тәрбиеші суреттерді көрсетіп:<br>– «Бұл менің құқығым ба, әлде міндетім бе?» – деп сұрайды.<br>Мысалы:<br>– «Ойын ойнау»<br>– құқығым<br>– «Достарыма көмектесу»<br>– міндетім</td><td>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы<br><br>Балалар суреттерге қарап, жақсы істерге қол шапалақтайды, жаман істерге «жоқ» деп басын шайқайды.</td></tr>
<tr><td>Ертеңгілік жаттығу</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған әс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу; білектерді айналдыру; бір аяқты жоғары көтеріп, астынан доп беру; өкшені айналдыру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Тізені жоғары көтеріп жүгіру; шеңбер бойымен жүгіру; аяқтың ұшымен жүгіру.<br>**Ырғақтық жаттығулар:** | **Музыка**<br>**«Құстардың әуені»**<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Балалар дөңгеленіп тұрып «Сәлем, музыка!» сәлемдесу әнін орындайды.<br>Мұғалім олардың назарын музыкаға аударады, тыныс алу және дауыс жаттығуларын жасайды.<br>**Музыка тыңдау:** | **Қазақ тілі**<br>**«Мен жайында»**<br>Балалар өздері туралы әңгімелейді: аты-жөні, отбасы, достары, сүйікті істері.<br>Тәрбиеші балаларды ұжымдық әңгімеге шақырады:<br>– Сенің атың кім?<br>– Саған не ұнайды?<br>– Кіммен ойнағанды жақсы көресің?<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Туыстық қатынас сөздерін енгізу: жеңге, жезде, бөле, нағашы, жиен, сіңлі.<br>Балалар сөйлем құрайды: | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды айналдыру, аяқтың ұшымен көтерілу, өкшеге тұру, тізені бүгіп-түзету.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Тізені жоғары көтеріп, сапта жүгіру; бағытты өзгерту.<br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Музыка ырғағымен бұрылу, шапалақтау, иықпен айналу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім жылдам?» — белгі бойынша жүгіру, тоқтау, бұрылу.<br>**Салауатты өмір салты:** | **Музыка**<br>**«Көбелектің биі»**<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Балаларға көңілді көңіл күй сыйлау үшін «Қайырлы таң, достар!» әнін бірге айту.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Баяу және жылдам әуендер тыңдалады. Балалар қай әуеннің баяу, қайсысының жылдам екенін айтады.<br>**Ән айту:**<br>«Көбелек» әнін орындау. Балалар нәзік дауыспен, әуенге сай орындауға тырысады.<br>**Музыкалық-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Музыка ырғағымен таныс қимылдар орындау: қолды көтеру, бұрылу, шапалақтау.<br>**Қимылды ойын:** «Кім тез тоқтайды?» — тәрбиешінің белгісі бойынша жүгіру мен тоқтау.<br>**Салауатты өмір салты:** «Денсаулық – зор байлық» ұғымын түсіндіру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Құрсау, доп, секіртпемен еркін қимыл жасау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолды сабындап жуу, тісті тазалау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Киімін жинау, орнына ілу.<br>**Сауықтыру шаралары:** | П. Чайковскийдің «Бала мен ойыншықтар» шығармасынан үзінді тыңдалады. Балалар ақырын және қатты дыбыстарды ажыратып, қайсысы құстың ұшуына ұқсайтынын анықтайды.<br>**Ән айту:** «Құстар» әнін үйрену. Балалар қысқа фразалармен айтады, мұғалім тыныс алуды, анық айтуды бақылайды.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Балалар құстар сияқты қанат қағып, ұшып жүргендей қозғалады. | – Менің нағашым ауылда тұрады.<br>– Менің жеңгем өте мейірімді.<br>**Фонетикалық жаттығу:** Қ, ғ, ө, ү, ұ, і дыбыстарын айқын айту.<br>Мысалы: қала, ғажап, гүл, ұл, үкі, ірімшік.<br>**Ойын:** «Кім туралы айтып тұрмын?» шапалақтау. | Дұрыс демалудың және ұйқының денсаулыққа әсерін түсіндіру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Қозғалмалы ойыншықтармен ойын ұйымдастыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Тісті тазалау және ауызды шаю тәртібі.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Төсегін жинау, үстелін сүрту.<br>**Сауықтыру шаралары:** Жалаңаяқ жүру (құм, кілемше үстімен). | **ырғақтық** Дұрыс демалудың және ұйқының денсаулыққа әсерін түсіндіру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Қозғалмалы ойыншықтармен ойын ұйымдастыру. Көбелектің қалықтаған ұшуын қимылмен көрсету – айналу, қолмен қанат қағу.<br>**Аспапта ойнау:** Даңғырамен ырғақ соғу, музыка қарқынын бақылау.<br>**Қоштасу кезеңі:** Қысқа музыкалық қоштасу ойыны өткізіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза ауада серуен, тыныс алу жаттығулары. | Музыка тоқтағанда, олар да тоқтайды.<br>**Балалар аспаптарында ойнау:** Сылдырмақпен ырғақ соғу. Балалар бірдей ырғақты сақтап, мұғаліммен бірге ойнайды.<br><br>**Қоштасу кезеңі:** «Сау болайық, достар!» әнін орындай отырып, балалар бір-біріне қол бұлғайды. **Дене тәрбиесі**<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Аяқты жан-жаққа ашып, тепе-теңдік сақтау; қолды жоғары және алға созып<br>**Негізгі қимылдар:** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 40–50 метрге орташа жылдамдықпен жүгіру; жүру мен жүгіруді кезектестіру.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар:** Музыкалық әуенмен жүгіру, шеңбер бойымен айналу.<br><br>**Қимылды ойын:** «Жел мен жаңбыр» — тәрбиеші «жел» десе жүгіреді, «жаңбыр» десе тығылады.<br><br>**Салауатты өмір салты:** Дұрыс қозғалыстың ағзаға әсері туралы әңгіме. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Менің атым кім?<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Тақырыптық әңгіме: “Менің атым кім? Мен қандай баламын?”<br>– Сөздер: аты-жөнім, тегі, ұнайды, жақсы көремін.<br>– Балалар өз атын айтып, сөйлем құрайды: “Менің атым – Алина. Мен сурет салғанды ұнатамын.”<br>– Дыбыстармен жаттығу: “р”, “л” дыбыстарын анық айту.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Өлең:<br>Атымды мен мақтан етем,<br>Тазалықты сақтап өтем.<br>– Балалар өлең мазмұнын қимылмен көрсетеді.<br>**Қазақ тілі әрекеті:** | Менің отбасым<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Әңгіме: “Менің отбасым кімдерден тұрады?”<br>– Сөздер: әке, ана, аға, әпке, сіңлі, бөле.<br>– “Менің әкемнің аты – …”, “Мен анамды жақсы көремін.”<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Ертегі: “Мейірімді отбасы.”<br>– Кейіпкерлер іс-әрекетін талқылау.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– Туыстық сөздермен танысу: сіңлі, жеңге, жезде, нағашы, жиен.<br>– “Бұл менің ағам емес, менің әпкем.” | Менің достарым<br>**Мақал:** «Досы көпті жау алмайды.» **Апта дәйек сөзі**<br><br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– “Менің досым кім?”<br>– “Дос деген кім?”<br>– “Мен досыма көмектесемін.” сөйлемін айту.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Өлең:<br>Досыммен мен ойнаймын,<br>Жақсылықпен қуанамын.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– Диалог ойыны: “Сәлем, досым!”<br>– Кезекпен сөйлеу, әңгімелесушінің сөзін бөлмеу.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Екі достың ойыншығы тең бе?”<br>– “Кімнің добы үлкен?”<br>– “Түстері бірдей ойыншықтарды тап.” | Менің сүйікті ісім<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Әңгіме: “Мен не істегенді жақсы көремін?”<br>– Сөздер: сурет салу, би, ән айту, ойыншық, кітап.<br>– “Мен ән айтқанды ұнатамын.” сөйлемін айту.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Әңгіме: “Шығармашыл бала.”<br>– Кейіпкердің қызығушылығын талқылау.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– “Бұл менің сүйікті ойыным.”<br>– Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Түстер мен пішіндер арқылы топтастыр.”<br>– “Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек” пішіндерін сәйкестендіру. | Мен қандай баламын<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Әңгіме: “Мен қандай баламын?”<br>– Сөздер: мейірімді, еңбекқор, ақылды, қуанышты.<br>– “Мен мейірімді баламын.” сөйлемін айту.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Ертегі: “Жақсы бала мен жалқау бала.”<br>– Балалар ертегі бойынша салыстырады.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– “Мен жалқау емеспін, мен еңбекқормын.”<br>– “Емес” шылауын қолдану.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Теңбе-тең?” ойыны (заттарды жұптау).<br>– “Кімнің үстелінде артық зат бар?”<br>– “Бір затты қосып тең қыл.” |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – “Менің атым кім?” сұрағына толық жауап беру.<br>– Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ұ, ү, ө) дұрыс айту.<br>– “Мен ұқыпты баламын.”, “Мен мейірімдімін.” сөйлемдерін айту.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Жиын” түсінігі: балалар өздерінің үстеліндегі заттарды (қарындаш, өшіргіш) топтастырады.<br>– “Түстер бойынша топтастыр.”<br>– “Кімнің үстелінде көбірек зат бар?” салыстыру. | (болымсыз түр).<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Кім көп?” ойыны (отбасындағы мүшелер саны).<br>– “Биік – аласа” салыстыру (отбасындағы суреттер арқылы). | | | |
| **Екінші таңғы ас** | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет (кезекшілік). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**<br>Бұлтты бақылау. Мақсаты:Балаларға бұлттың неге ұқсайтының қай бағытқа кӛшіп жатқаның бақылатып әңгімелету. Олардың түрлері туралы түсінік беру. Мысалы; бұлтақ бұлт, қара бұлт (Танымдық, коммуникативтік әрекеті) Қимылды ойын: «Қолшатыр» Мақсаты:Балаларды топпен ұйымшылдықта ойнауға үйрету. (қимыл-қозғалыс ойын әрекеті). Еңбек: Ойыншықтарды жинау. Мақсаты:Балаларды ң шапшаңдық қабілетін дамыту, ширақ болуға қалыптастыру. (Еңбек әрекеті) | **Бақылау:**<br>Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күздегі ауа-райына байланысты қоңыс аударатын қысқа дайындық жасайтын жәндіктер туралы түсіндіріп айту. Жылы жаққа ұшып кететін құстар түрлерімен таныстыру, суреттер арқылы кӛрсету. (Танымдық, зерттеу, коммуникативтік әрекеті) Қимылды ойын:«Ақ қоян» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету (қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті). Еңбек: Ауланы тазарту. Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқиятылыққа үйрету. (Еңбек әрекеті) | **Бақылау:**<br>Күздегі ағаштарды бақылау. Мақсаты: Күзде ағаштардың ӛзгерісін жапырақ түстерін бақылау. Ағаштардың түрлері жайлы айтып, маусым бойы ӛзгеріссіз тұратын ағаштар жайлы түсінік беру. (Танымдық, коммуникативтік әрекет) Қимылды ойын: «Қарлығаш» Мақсаты:Ептілікке, ұйымшылдықк, жылдамдыққа үйрету. (қимыл-қоғалыс, танымдық әрекет). Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинату, тазалыққа, ұқыптылыққа дамыту. (Еңбек әрекеті) | **Бақылау:**<br>Жерге түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күздегі жапырақтардың түсі, түрі жайлы әңгіме жүргізу. Жапырақтың пішіндеріне кӛлемдеріне байланысты сипатама жасату. Жапырақ ӛзгерістері туралы түсінік беру. (Танымдық, коммуникативтік әрекет) Қимылды ойын: «Жасырынбақ» Мақсаты:Балалард ы шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйрету. (сӛйлеуді дамыту-коммуникативтік-шығармашылық әрекеті). Еңбек: | **Бақылау:**<br>Күз мезгілінде желді бақылау. Мақсаты: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатыны айту. Ауа-райына байланысты киім киюге кеңес беру. Желдің болатыны жайлы айтып олардың түрлері туралы түсінік беру. (Танымдық, коммуникативтік әрекет) Жаңылтпаштар айту. Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. (кӛркем әдебиет- танымдық, коммуникативтік, әрекеті). Еңбек:Ауладағы қоқыстарды жинау. Мақсаты: Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Бөлме өсімдіктерін суару» Мақсаты:Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. (Еңбек әрекеті) Балалардың ӛз бетімен ойнауы. | тазалыққа баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау :мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– “Мен және менің денем.”<br>– Дененің бөліктерін (бас, қол, аяқ) атау, қызметін түсіндіру.<br>– Айна арқылы өзін қарау.<br>**Сурет салу әрекеті:**<br>– Тақырып: “Менің портретім.”<br>– Балалар өз бет бейнесін айнаға қарап бейнелейді.<br>**Мүсіндеу әрекеті:**<br>– Тақырып: “Менің алақаным.” | **Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– “Отбасы – менің тірегім.”<br>– Отбасы мүшелерінің еңбегі туралы әңгіме (әке – жұмыс істейді, ана – үйде көмектеседі).<br>**Сурет салу әрекеті:**<br>– Тақырып: “Менің отбасым.”<br>– Барлық отбасы мүшелерін бейнелеу. | **Зерттеу:** «Шешуін тап» Мақсаты: Шапшаңдыққа,ұшқыр ойлауға,заттарды бәр-біріне ұқсата білуге үйрету. Керекті құралдар: Доп, заттардың суреттері. Барысы: Балалар шеңбер бойлап жүреді, тәрбиеші ортада доп ұстап тұрады және сурет көрсетеді. Көрсеткен заттардың неге ұқсайтынын табуды ұсынады. Алдымен жасыл дөңгелекті ортаға қояды. Содан кейін дөңгелектің неге | **Вариативтік компанент** (маман жоспары бойынша)<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– “Менің сүйікті орным.”<br>– Ойын, оқу бұрыштарын таныстыру.<br>**Сурет салу әрекеті:**<br>– Тақырып: “Менің сүйікті ойыным.”<br>– Өз ісін сурет арқылы көрсету.<br>**Мүсіндеу әрекеті:**<br>– Тақырып: “Менің сүйікті затым.”<br>– Ермексаздан сүйікті ойыншық пішінін жасау.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– Тақырып: “Менің | **Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– “Жақсы бала не істейді?”<br>– Топтағы еңбек әрекеттері: гүл суару, ойыншық жинау.<br>**Сурет салу әрекеті:**<br>– Тақырып: “Жақсы бала.”<br>– Балалар жақсы іс бейнелейді.<br>**Мүсіндеу әрекеті:**<br>– Тақырып: “Жақсы іс.”<br>– Ермексаздан “жүрек” немесе “гүл” мүсіндеу.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– Тақырып: “Жақсылық әлемі.” |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Ермексаздан алақан бейнесін жасап, саусақтарын белгілейді.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– Тақырып: “Менің есімім.”<br>– Әріп үлгілерін қиып, қағаз бетіне ретімен орналастырып жапсырады.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– Тақырып: “Менің үйім.”<br>– Текшелер мен кірпіштерден өз үйінің моделін құрастырады. | **Мүсіндеу әрекеті:**<br>– Тақырып: “Ана шым мен әкем.”<br>– Ермексаздан адам мүсіндерін жасау.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– Тақырып: “Отб асымыз бірге.”<br>– Суреттен адамдар бейнесін қиып, үй ішінде орналастыру.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– Тақырып: “Үйі міздің бөлмелері.”<br>– Конструкторлард ан ас үй, қонақ бөлме, жатын бөлме жасау. | ұқсайтынын ойлап жауап беруін сұрайды. Допты кімге лақтырса, сол бала тез жауап беру керек. Мысалы: алма, тәрелке,құрсау,қызана қ, Жауабы: Дөңгелекке ұқсайды. Тәрбиеші. Сопақша неге ұқсайды? Жауабы: Қияр,сәбіз,алмұрт, т.б. Ойын осылай жалғаса береді. Күтілетін нәтиже: балалар ұшқыр ойлап жауап бере алды. | хоббиім.”<br>– Суреттен қажетті бейнелерді таңдап, қағазға орналастыру.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– Тақырып: “Ойын бұрышы.”<br>– Конструкторлардан балалар ойнайтын аймақ жасау. | – Түрлі түсті пішіндерден көңілді бейне жасау.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– Тақырып: “Жақсы істер қалашығы.”<br>– Бірге үлкен композиция жасау (үй, гүл, адамдар). |
| **Балалармен жеке жұмыс** | шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға;<br>- сөздерде дауысты | шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;<br>-тілдік қарым-қатынас мәдениетін | геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш.<br>-Құрылыс | дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен салуды | бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш); |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | дұрыс қолдану; -оқиғаны эмоционалды қабылдауға ынталандыру. | материалдарынан құрастыруды үйрету. | үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Жел соғады»<br>**Міндеті:** Желдің бағытымен қозғалу арқылы балалардың бағдарлау және қимыл үйлесімділігін дамыту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші «жел оңнан соғады», «жел солдан соғады» дегенде балалар сол бағытқа қарай жүгіреді. «Жел басылды» десе, бәрі қимылсыз тұрып | «Күзгі жапырақтар»<br>**Міндеті:** Табиғатты бақылауға баулу, қимылды ептілікпен орындауға үйрету.<br>**Шарты:** Балалар алаңда жапырақ теріп жүреді. Тәрбиеші «жел соқты» дегенде — жапырақтар «ұшады» (жүгіріп айналады), | «Қарлығаштар жылы жаққа ұшады»<br>**Міндеті:** Топпен бір бағытта қозғалу, тәртіптілікке баулу.<br>**Шарты:** Балалар қатарға тұрып, қолдарын жайып ұшқан құстар сияқты жүгіріп өтеді. Тәрбиеші «жел қатты» десе — тізерлей отырады. | «Аю қыстауға дайындалады»<br>**Міндеті:** Күш пен төзімділікті дамыту, үлкен қозғалыс бұлшықеттерін жетілдіру.<br>**Шарты:** Балалар «аюлар» болып, «жем» (доп, кубик) жинап, өз «індеріне» (шеңбер ішіне) апарып қояды. | «Жаңбыр тамшылары»<br>**Міндеті:** Есту қабілетін дамыту, музыкалық ырғақты сезіну.<br>**Шарты:** Музыка жай ойнағанда — балалар жай жүреді, қаттырақ ойнағанда — жүгіріп қозғалады. Музыка тоқтаса — қатып қалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалады. | «жаңбыр жауды» десе — тізерлеп отырады. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (10.11-14.11.2025ж)
**Қараша – Әділдік және жауапкершілік-біртұтас ұғым!**
Әділдік пен жауапкершілік біртұтас ұғым бұл екеуі бірге болғанда ғана адам тұлға ретінде қалыптасады.
**Апта дәйек сөзі**: «Тура биде туған жоқ!» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
**Тәрбиешілер:** Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі<br>10.11.2025 ж | Сейсенбі<br>11.11.2025 ж | Сәрсенбі<br>12.11.2025ж | Бейсенбі<br>13.11.2025ж | Жұма<br>14.11.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **Танымдық ойын: «Не өзгерді?»** **Міндеті:** Назар мен есте сақтау қабілетін дамыту. **Шарты:** Үстелге бірнеше зат қойылады. Балалар көздерін жұмады, бір зат алынады. Балалар қандай заттың жоқ екенін табады. | **Коммуникативтік ойын: «Сәлемдесу шеңбері»** **Міндеті:** Тілдік қарым-қатынас пен әдептілік мәдениетін қалыптастыру. **Шарты:** Балалар шеңберде тұрып, әртүрлі амандасу түрлерін көрсетеді: қол бұлғау, иілу, сөзбен айту. | **Шығармашылық ойын: «Қиялдағы үй»** **Міндеті:** Қиял мен шығармашылық ойлауды дамыту. **Шарты:** Балалар түрлі түсті қағаздан өз үйлерін салады (қиып, жапсырып, сурет салады) және оны сипаттайды. | **Эксперименттік ойын: «Су – ғажайып зат»** **Міндеті:** Судың қасиеттерін тәжірибе арқылы таныту. **Шарты:** Балалар суға әртүрлі зат салады (қағаз, тас, пластмасса) және қайсысы бататынын, қалқитынын бақылайды. | **Еңбек әрекеті: «Топ бұрышын реттейміз»** **Міндеті:** Еңбекке қызығушылық пен ұқыптылықты қалыптастыру. **Шарты:** Балалар ойыншықтарды орнына қояды, кітаптарды сөреге реттеп салады, үстелдерді сүртеді. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған әс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Аяқты алға, артқа қою; өкшені айналдыру; қолды басынан жоғары көтеріп, шапалақтау.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Шеңбер бойымен жүгіру; жетекшіні ауыстырып жүгіру; бір қалыпты қарқынмен 1 минут жүгіру.<br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Музыка ырғағымен секіру және бұрылу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жүгір, ұста, тұр!» — тәрбиеші белгілеріне сай әрекет ету.<br>**Салауатты өмір салты:**<br>Қимылдың жүрек пен тынысқа пайдасы туралы түсіндіру. | **Музыка**<br>«Күн шықты!»<br>Ұйымдастыру кезеңі:<br>Балалар шеңберге тұрып, «Сәлем, достар!» әнімен амандасады.<br>Музыка тыңдау:<br>жоғары және төмен дыбыстарды ойнап, балалардан айырмашылығын табуын сұрайды.<br>Ән айту:<br>«Күн шықты» әнін орындау**.** Әуеннің шуақты, көңілді сипатын жеткізуге үйрету.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Балалар қолдарын жоғары көтеріп, күн сәулесін бейнелейді**.**<br>**Дене тәрбиесі** | Қазақ тілі<br>**Дәрумендер,пайдалы тағамдар**<br>**Әңгімелесу:**<br>– Деніміз сау болу үшін не істеу керек?<br>– Қандай тағам пайдалы, ал қандай тағам пайдалы емес?<br>– Неліктен дәрумендер керек?<br>**Сөздік жұмыс:**<br>дәрумен, пайдалы, зиянды, жеміс, көкөніс, сүт, ботқа, шырын, күш береді сөздерін талдау.<br>**Дыбыстық мәдениет:**<br>Ө, ү, ұ дыбыстарын сөз ішінде айту жаттығулары:<br>өрік, үкі, сүт, ұн, ұя, күріш.<br>**Грамматикалық құрылым:**<br>емес шылауын қолдану жаттығулары:<br>– Кола – пайдалы **емес**.<br>– Алма – зиянды **емес**, | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды шеңбермен айналдыру, саусақ жаттығулары.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>40–50 метрге жүгіру; баяу және жылдам қарқын аралас.<br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Әуенмен секіру, бұрылу, қол сермеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім бірінші жетеді?» — нысанаға дейін жүгіру жарысы.<br>**Салауатты өмір салты:**<br>Дене шынықтырудың ағзаға әсері туралы айту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Балалар өз еркімен жаттығулар таңдайды.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:**<br>Ас ішу кезінде әдеп сақтау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:** | **Музыка**<br>**«Жаңбыр жауды»**<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Балалар «Жаңбыр жауды» әнін айтып, бір-біріне тамшы қимылын көрсетеді.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Табиғат дыбыстарын тыңдау (жаңбыр, жел, құстар үні).<br>**Ән айту:**<br>«Жаңбыр» әнін орындау. Әуеннің сипатына сәйкес жұмсақ дауыспен айту.<br>**Қимыл:**<br>Тамшылар сияқты жеңіл секіріп, қолдарын жаймен түсіреді.<br>**Аспап:**<br>Металлофонда жаңбыр тамшысын бейнелейтін ырғақ ойнау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дербес қимыл белсенділігі:** Секіртпемен, доппен өз бетімен ойнауға мүмкіндік беру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Тамақ алдында қол жуу. **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Киімін өзі киіп, шешіну. **Сауықтыру шаралары:** Тыныс алу және сергіту жаттығулары. | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Бір аяқты көтеріп, астынан доп беру; қолды айналдыру. **Негізгі қимылдар:** Жылдам қарқынмен жүгіру; бір-бірін қуып жету. **Ырғақтық жаттығулар:** «Қолды көтер, түсір» жаттығулары музыкамен. **Қимылды ойын:** «Жылдам бол!» — белгі бойынша жылдам әрекет ету. **Салауатты өмір салты:** Суық тиюдің алдын алу, жылы киім кию. **белсенділігі:** Құрсаумен жаттығу, еркін секіру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** | пайдалы. – Дұрыс тамақтанбасақ, күшті болмаймыз. **Ойын:** «Пайдалы мен зияндыны ажырат» Балалар суреттерді екі топқа бөледі және сөйлем құрайды: – Бұл алма, ол пайдалы. – Бұл кәмпит, ол пайдалы емес. **Байланыстырып сөйлеу:** Берілген сурет бойынша әңгіме құру: Асханадағы | Тамақтан кейін ыдысты жинау. **Сауықтыру шаралары:** Жалаңаяқ жүру, тыныс алу жаттығулары. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Тарақты, майлықты орнымен қолдану.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:**<br>Ойыннан кейін үстел мен ойыншықтарды орнына қою.<br>**Сауықтыру шаралары:**<br>Сумен шынықтыру – қолды, бетті салқын сумен шаю.<br>Музыка баяулағанда қозғалыс та баяулайды.<br>**Аспапта ойнау:**<br>Сыбызғы немесе үрмелі аспаппен қарапайым дыбыс шығарып көру.<br>**Қоштасу кезеңі:**<br>Баяу ырғақтағы әуенмен тыныш қоштасу. | | | |
| | Дәрумендер бізге не үшін керек?<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Әңгіме: “Дәрумендер деген не?” | Жеміс пен көкөніс – денсаулық кепілі<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Әңгіме: “Менің сүйікті жемісім.” | Еңбектің дәмі тәтті<br>**Мақал:** «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.»**Апта дәйек сөзі**<br>**Тіл дамыту әрекеті:** | Тағамның сапасы – денсаулық негізі<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– “Пайдалы тағамдар мен зиянды тағамдар.”<br>– “Пайдалы тағам – жеміс, | Денсаулығым – байлығым<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– “Дені сау болу үшін не істеу керек?”<br>– “Мен таза жүремін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Сөздер: тағам, дәрумен, денсаулық, пайдалы.<br>– Балалар: “Мен сәбіз жеймін, себебі ол пайдалы.” сөйлемін айтады.<br>– “р”, “л” дыбыстарымен артикуляциялық жаттығу (“р-р-р” – арыстан, “л-л-л” – лимон).<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Өлең оқу:<br>Сәбіз, алма, тәтті де,<br>Дәрумен бар бәрінде!<br>– Өлең мазмұнын қимылмен көрсету.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– Сөздік жұмыс: алма, сәбіз, қияр, өрік, сүт.<br>– “Бұл алма емес, бұл алмұрт.” сөйлемі арқылы болымсыз түрін қолдану.<br>– “Мен алма жеймін.”<br>– “Мен сүт ішемін.”<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– Жиын ұғымы: “Қызыл жемістерді бір топқа жина.”<br>– “Қай себетте | – Сөздер: алма, алмұрт, апельсин, қияр, қызанақ.<br>– “Мен алма жегенді ұнатамын.” сөйлемін айту.<br>– “л”, “р” дыбыстарын анық айтуға жаттығу.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Ертегі: “Алма мен сәбіздің әңгімесі.”<br>– Кейіпкерлердің мінезін анықтау.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– Туыстық сөздермен қайталау: “Анам алма жейді, әкем сәбіз жақсы көреді.”<br>– Сөйлемдер: “Бұл сары алма емес, бұл қызыл алма.”<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Жемістерді түстері мен пішіні бойынша топтастыр.”<br>– “Үлкен алма – | – Әңгіме: “Азық-түлікті кім өсіреді?”<br>– Сөздер: егінші, диқан, аспаз, наубайшы.<br>– “Диқан бидай егеді.”, “Аспаз тамақ пісіреді.” сөйлемдерімен танысу.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Ертегі: “Нан қалай піседі?”<br>– Еңбек адамдарын атау, реттілігін сақтау.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– “Бұл ұн емес, бұл қант.”<br>– “Наубайшы нан пісіреді.” – “Анам ас дайындайды.”<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Тең бе?” ойыны: нан, тоқаш, бауырсақ суреттерін жұптау.<br>– “Қай табақта көбірек?” | зиянды тағам – чипсы.”<br>– “Мен пайдалы тағам жеймін.” сөйлемін айту.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Өлең:<br>Сүт ішемін, нан жеймін,<br>Денсаулығым күшейді.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– Қазақ тіліне тән дыбыстармен жаттығу: ө, ү, қ, ғ.<br>– “Бұл сусын емес, бұл сүт.”<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Сүт – ақ, шырын – қызыл.” түстерді сәйкестендіру.<br>– “Үш стакан сүт, екі алма.” салыстыру. | пайдалы тағам жеймін.”<br>– Дыбыстармен жаттығу: “л”, “р”, “с”.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Әңгіме: “Дәрумен еліндегі саяхат.”<br>– Кейіпкерлерді анықтап, сюжетті жалғастыру.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– “Мен ауырмаймын, себебі пайдалы тағам жеймін.”<br>– “Емес” шылауын қолдану.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– “Бір табаққа көбірек алма қой.”<br>– “Екі және үш топтағы заттар тең бе?” |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көбірек жеміс бар?”<br>– “Түстер мен пішін бойынша салыстыр.” | кішкентай алма.”<br>– “Бір алма қоссаң, нешеу болды?” | | | |
| **Екінші таңғы ас** | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет (кезекшілік). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**<br>Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау. Мақсаты: баллаларға күз мезгілінде күн салқындау себебінен шөптердің сарғайып, түсуін қадағалау. (Танымдық, зерттеу, коммуникативтік әрекеті) Еңбек: Сарғайған арам | **Бақылау:**<br>Кемпірқосақты бақылау Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. (Танымдық, зерттеу, коммуникативтік әрекеті) Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш | **Бақылау:**<br>«Күз көрінісін бақылау»<br>Мақсаты:Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.(Тан ымд ық, зерттеу, | **Бақылау:**<br>Жаңбырды бақылау.<br>Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, ӛткінші жаңбыр, нәсер жаңбыр. (Танымдық, зерттеу, коммуникативтік әрекеті) Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.Мақсаты: | **Бақылау:**<br>Жәндіктерді бақылау.<br>Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей , құмырсқаларды қараңдаршы, ӛз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла»(Танымдық, зерттеу, коммуникативтік әрекеті) Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шөптерді жұлу. Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке баулу. (Еңбек әрекеті) Қимылды ойын: “Кім тез жинайды?” Мақсаты: Көкеністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа | бұтақтарын жинау Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. (Еңбек әрекеті) Қимылдық ойын: «Экологиялық бағдаршам» Мақсаты: Балалардыептілікке , шапшаңдыққа үйрету. (қимыл қозғалыс, ойын әрекеті) Балалардың өз б | коммуникативтік әрекеті) Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. (Еңбек әрекеті) Қимылдық ойын: «Дүкенші». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға ,ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. | Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.(Еңбек әрекеті) Қимылдық ойын: «Ақсерек пен көксерек». Мақсаты: Балалардыептілікке, шапшаңдыққа баулу. (қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті) Балалардың өз бетімен ойнауы. | жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. (Еңбек әрекеті) Қимылдық ойын: «Ақ қоян» Ойын барысы: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысин қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Балалар сапқа тұрады, терең тыныс алып, денені қыздыру орындалады.<br>Қолды жоғары созып көтерілу.<br>Қолды жанға және алға созу арқылы кеуде бұлшықеттерін ашу.<br>Белге қойылған қолдармен денені оңға-солға бұру.<br>Алға еңкею, арқаны түзу ұстап қайта көтерілу. | **Музыка**<br>Тақырыбы: Музыканың көңіл күйі<br>Музыка тыңдау: Балалар таныс музыкалық шығарманы тыңдайды.<br>Музыканың ақырын немесе қатты, баяу немесе жылдам орындалуын сезінеді.<br>Тыңдалған музыкадан алған әсерін қысқаша айтып береді.<br>Ән айту:<br>Қарапайым әнді аспаптың сүйемелдеуімен | | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жанға көтеру, баяу түсіру.<br>Денені айналдыру омыртқа қозғалысын жұмсарту.<br>Тізені жоғары көтеріп жүру.<br>**Негізгі қимыл**<br>Аяқты бірге қойып секіру.<br>Аяқты алшақ қойып секіру.<br>Орнынан ұзындыққа секіру (70 см шамасында).<br>**Қимылды ойын**<br>«Түзу жолмен жүр» | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Баяу және жылдам музыка<br>**Музыка тыңдау:**<br>Баяу және жылдам сипаттағы екі түрлі шығарманы тыңдау.<br>Айырмашылығын байқау.<br>**Ән айту:**<br>Әнді тәрбиешінің көмегімен созып айту.<br>Музыканың сипатына сай орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Баяу әуенде жүрелеп отыру, жылдам әуенде қимылды белсенді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тізені кезек бүгу және жазу, жүру барысында қолдың қимылдарын қосу.<br>**Негізгі қимыл**<br>Қос аяқпен бір орында секіру: аяқтарды бірге ұстап, жеңіл серпілу.<br>Оңға және солға бұрылып секіру: денені жұмсақ бұрып, секіру бағытын өзгерту.<br>20 см биіктіктен секіру: аласа кедергіден қос аяқпен секіру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Қояндар секіреді»<br>Балалар қоян сияқты жеңіл секіріп қозғалады, тәрбиеші белгі бергенде тоқтап қалады.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыка ырғағына сәйкес қолды жоғары және жанға | орындау. Әуенді таза, сөздерін анық айтуға үйрету.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға созу, оңға-солға ауыстыру.<br>Артқа апарып кеуде ашу.<br>Тізерлеп отырып алға еңкею және шалқаю.<br>Шалқасынан жатып қолды созып, етпетінен аунап түсу.<br>**Негізгі қимыл**<br>Алға ұмтылып секіру: 2–3 метрге созылған сызыққа секіру.<br>Бір аяқпен секіру: оң аяқпен бірнеше секіру, кейін сол аяқпен.<br>Сызықтардан аттап секіру: қатар жатқан сызықтарды қос аяқпен аттап өту.<br>**Қимылды ойын**<br>«Кім жылдам?»<br>Белгіленген нүктеге дейін секіріп жету | | Балалар сызық ішінде тепе-теңдікті сақтай жүріп өтеді.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен қолды сермеу, айналу.<br>Ырғақтық секірістерді орындау.<br>**Қорытынды**<br>Баяу жүріс, терең тыныс алу.<br>Қол мен иықты босаңсыту жаттығулары. | орындау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Сазсырнайды үрлеу арқылы дыбыс шығару.<br>**Билер:**<br>Жұппен жеңіл қимылдар орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеру.<br>Музыка күшейгенде жеңіл секіру, бәсеңдегенде баяу жүру.<br>**Қорытынды**<br>Баяу тыныс алу, жүректі тыныштандыру.<br>Жеңіл жүру, қолды төмен түсіріп босаңсу. | арқылы жарысу.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен жүру, тоқтағанда қимылды тоқтату.<br>Қол сермеуді ырғақпен орындау.<br>**Қорытынды**<br>Тыныс алу: мұрынмен дем алып, ауызбен шығару.<br>Жеңіл созылу қозғалыстары. | | | |
| | **Апталық дәйексөзі (мақал):**<br>**«Нан өмірдің нәрі.»**<br>**«Нан қайдан келеді?»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Жаңылтпаш айту арқылы сөйлеу қарқынын өзгерту: «Нан нанға нан қоссаң, нан болады».<br>«Дихан», «егінші», «нан пісіру» сөздерін меңгерту.<br>Сан есімдерді септікпен қолдану: үш бидайды көрдім, | **«Егінші еңбегі»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Жаңылтпаш: «Егін ектік, өнім көптік».<br>Еңбек сөздері: жыртады, суарады, жинайды.<br>Сан есімдерді қолдану: бес егінші, төрт қап бидай.<br>Сурет бойынша еңбек процесін әңгімелеу.<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Егінші мен бала» әңгімесін тыңдау.<br>Қозғалыс арқылы образды беру (егу, жинау). | | **«Нан түрлерімен танысу»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Жаңылтпаш: «Наннан тәтті ас жоқ».<br>Нан түрлері: бөлке, шелпек, баурсаң, бауырсақ.<br>Сан есім қолдану: үш бөлке, екі бауырсақ.<br>Нан дастарқанға қалай келетіні туралы әңгімелеу.<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Бауырсақ» ертегісін сахналау.<br>Кейіпкерлердің рөлін сомдау. | **«Нан тағамдарын әзірлеу»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Тақпақпен сөйлеу қарқынын реттеу: жылдам–жай.<br>Етістіктер: илейді, жағады, пісіреді.<br>Сан есімдер меңгеру: төрт нан, бес илегіш.<br>«Нан қалай піседі?» әңгімесін құрастыру.<br>**Көркем әдебиет:**<br>Наубайшы туралы өлең тыңдау.<br>Қарапайым сахналау (печьке нан қою). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екі наубайшыны көрдім.<br>Нан жасау суреттері бойынша әңгіме құрату.<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Бидай туралы ертегі» тыңдау, шағын сахналау. Кейіпкерлердің әрекетін ым-ишарамен көрсету.<br>**Қазақ тілі:**<br>Қазақша дыбыстарды айту: ө, ү, ұ, қ.<br>Сөздер: бидай, диірмен, қамыр, нан.<br>Төрт түлік иелерін атау (қосымша): қойшы қой, жылқышы жылқы (сөздік қорды кеңейту).<br>Жай сөйлем құрау: «Наубайшы нан пісірді». | **Қазақ тілі:**<br>Дауыс пен тынысты дұрыс қолдануға жаттықтыру.<br>Сөздер: егінші, дала, егін.<br>Бұйрық рай: «егіңдер», «суар», «жина».<br>Хабарлы сөйлем құрату. | | **Қазақ тілі:**<br>Қазақ дыбыстарын айту: ұ, ү, ө.<br>«Ұн нан» сөз байланысын түсіндіру.<br>Хабарлы және лепті сөйлемдер құру. | **Қазақ тілі:**<br>Бұйрық рай: илеші, пісірші, әкелші.<br>Жайылма сөйлемдер құру.<br>Түсін анық айту: ақ ұн, қоңыр нан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Екінші таңғы ас** | Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**<br>Балалармен бірге қыс мезгілін бақылау. Ауа райының суық екенін, жердің қармен жабылғанын, қардың ақ, суық екенін байқау. Қыс мезгілінде адамдардың қалың киінетінін, табиғаттың тыныштық күйде болатынын түсіндіру. Балалардың ой-пікірін тыңдау.<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңындағы | **Бақылау:**<br>Қардың қасиеттерін бақылау. Қардың суық, жұмсақ екенін, қолға тигенде еритінін көрсету. Қардың судан пайда болатыны туралы қарапайым түсінік беру.<br>**Еңбек:**<br>Қарды белгілі бір жерге жинап, жолды ашу. Бірлесе еңбек ету дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Қысқы жолмен* | | **Бақылау:**<br>Ағаштарды бақылау. Қыста ағаштардың жапырақсыз болатынын, олардың демалатынын түсіндіру.<br>**Еңбек:**<br>Ағаш түбіндегі қарды абайлап тазалау, бұтақтарды сындырмауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Аяз бен балалар»*.<br>Мақсаты: шапшаңдық пен ептілік.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қар бетіне таяқшамен | **Бақылау:**<br>Құстарды бақылау. Қыста құстардың жемге мұқтаж екенін, оларға көмектесу қажет екенін айту.<br>**Еңбек:**<br>Жем салғышқа дән салу, құстарға қамқорлық жасау.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Құстар ұшады»*.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту.<br>**Дербес әрекет:**<br>Құстарды бақылап, әңгімелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарды тазалау. Балаларды күректі дұрыс ұстауға, бір-біріне кедергі келтірмей жұмыс жасауға үйрету. Еңбекке ұқыптылық пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** *«Қардан аттап өт»* – балалар қар үйінділерінен кезекпен секіріп өтеді.<br>Мақсаты: қимыл үйлесімділігін, тепе-теңдікті дамыту.<br>**Дербес әрекет:** Балалардың қармен еркін ойнауы: қарды домалату, үю, ұсақтау. | *жүр»* – белгіленген сызық бойымен жүру.<br>Мақсаты: зейін мен қозғалысты дәл орындау.<br>**Дербес әрекет:** Қардан шағын пішіндер жасау. | | сурет салу. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан   ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа  толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Математика негіздері:**<br>Бидай дәндерінің жиынын салыстыру: көп–аз, тең–тең емес.<br>1–5 дейін реттік санау.<br>«Қалың–жұқа», «жоғары–төмен» ұғымдары.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Далада бидайдың қалай өсетінін түсіндіру.<br>Ұн, су, тұз арқылы нанның жасалатынын көрсету.<br>Өз есімін, жасын айту.<br>**Сурет салу:**<br>«Бидай масағы» суретін салу (жоғарыдан төменге бағытталған сызықтар).<br>**Мүсіндеу:**<br>Ермексаздан «нан» бейнесін жасау (дөңгелек, жайма). | **Математика негіздері:**<br>Бидай дәндерін түстері бойынша топтау.<br>Заттарды жұптап салыстыру: тең тең емес.<br>Кеңістік: жоғары–төмен, алды–арт.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Егіншінің құралдарымен таныстыру (көрнекі түрі).<br>Даладағы жұмыс тәртібін түсіндіру.<br>Қауіпсіздік: бейтаныс адамдарға бармау.<br>**Сурет салу:**<br>«Егін даласы» бір бағытты бояумен салу.<br>**Мүсіндеу:**<br>Жұмсақ ермексаздан жер жолағын және масақтар жасау.<br>**Жапсыру:**<br>Түсті қағаздан «егін алқабын» құрастыру. | | **Вариативтік компанент** (маман жоспары бойынша)<br>**Математика негіздері:**<br>Нан пішіндерін салыстыру: дөңгелек сопақ төртбұрыш.<br>Пішіндерді топтау.<br>Кеңістіктік бағыт: оңға–солға нан қою.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Нанды үнемдеу, жерге тастамау ережелері.<br>Дастарқан мәдениеті.<br>**Сурет салу:**<br>Нан түрлерін түрлі түстермен бояу.<br>**Мүсіндеу:**<br>Ермексаздан бауырсақ, бөлке жасау.<br>**Жапсыру:**<br>Нан себетін жапсыру (қағаз қиындылары).<br>**Құрастыру:**<br>Картоннан «асхана» композициясын құру. | **Математика негіздері:**<br>Бірдей нан бөліктерін жұптап қою.<br>«Қалың–жұқа» нанды салыстыру.<br>1–5 дейін реттік санауды бекіту.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Наубайшы мамандығымен таныстыру.<br>Жұмыс процесін көрсететін бейнелерді талдау.<br>Қауіпсіздік: ыстыққа жақындамау.<br>**Сурет салу:**<br>«Наубайхана» сюжеттік сурет салу.<br>**Мүсіндеу:**<br>Ермексаздан нан науасын жасау.<br>**Жапсыру:**<br>Нанның ингредиенттерін (ұн, тұз, су) бейнелейтін суреттерді жапсыру.<br>**Құрастыру:**<br>Табиғи материалдардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жапсыру:**<br>Бидай масағының бөлшектерін қиып жапсыру.<br>**Құрастыру:**<br>Лего мен текшелерден «нан зауыты» құрастыру. | **Құрастыру:**<br>Табиғи материалдар (сабан, бұтақша) арқылы қора-жай жасау. | | | «шағын наубайхана» макетін құрастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ән айту: «Ақпыз, қара,сарымыз» Мақсаты: Балаларды шығармашылыққа үйрету, тілдерін жаттықтыру, дыбыстарды аңық таза айтуға дағдылардыру. (Музыка коммуникативтік, танымдық, шығармашылық әрекет) | Қимылды ойын: «Қолшатыр» Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. (қимыл-қозғалыс ойын шығармашылық, коммуникативті әрекет). | Жаңылтпаштар айту. Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту (Қоршаған орта коммуникативтік әрекет). | Дидактикалық ойын: «Кімде не бар? » Мақсаты:Құралдард ы пішіндер арқылы топтастыра отырып, пішіндерді ажырата білуге дағдыландыру. (математика негіздері танымдық, коммуникативтік, ойын әрекеті). | Әңгіме құрастыру «Менің тобымдағы керемет күн» Мақсаты:баланың сәздік қорын сипаттау сөздері арқылы сөздік қорларын байыту. (Кәркем әдебиет коммуникативтік, шығармашылық әрекеті). |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **“Қар лақтырып тигіз”**<br>**Міндеті:** қолдың дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар қардан кішігірім доп жасап, белгіленген нысанаға (ағаш, шеңбер, конус) лақтырады. | **“Қар қорғаны”**<br>**Міндеті:** топпен жұмыс істеу, қимыл жылдамдығын арттыру.<br>**Шарты:** Екі топ қардан “қорған” тұрғызып, қарсы топтың қорғанына қар домалақтарын лақтырады. | | **“Қар үйіндісінен секір”**<br>**Міндеті:** секіру қабілетін дамыту.<br>**Шарты:** 20–30 см қар үйінділерінің үстінен кезекпен секіреді. | **“Аңшылар мен қояндар”**<br>**Міндеті:** ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>**Шарты:** “Қояндар” шеңбер ішіне тығылады, “аңшылар” ұстап алуға тырысады. Ұсталған қояндар орнын ауыстырады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

Тексерілді: Бердаулетова

Ұсыныс: баламен жеке жұмысты ашып жазу.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (12.01-16.01.2026жж)
**Қаңтар айы – Заң және тәртіп**
-Құқық бұзушылықтың алдын алу,
-Қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтау.
-Әр адамның жауапкершілігін арттыру.
**Апта дәйек сөзі:** «Тәртіп-тәрбие бастауы» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
**Тәрбиешілер:** Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 12.01.2026 ж | Сейсенбі 13.01.2026 ж | Сәрсенбі 14.01.2026 ж | Бейсенбі 15.01.2026ж | Жұма 16.01.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.**(өнегелі 15 минут)** | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Сиқырлы түс<br>Қызыл, сары, көк түсті гуашь,Су, Пластикалық шыныаяқтар.1.Балаларға үш негізгі түсті көрсетіңіз.<br>2.Қызыл мен сарыны араластырса, қандай түс пайда болатынын сұраңыз.(Мысалы: қызыл + сары = қызғылт сары).3.Барлық түстерді араластырып, нәтижесін бақылату<br>Зерттеу әрекеті | Балалардан бүгін қай мезгіл, аптаның қай күні туралы сұрау. Карточкалар арқылы тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн)<br>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айту.<br>**математика негіздері** | ойынын ойнату. әр баланы жүргізуші етіп, тапсырмаларды орындату. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**математика негіздері** | Ұшақ пен кемелердің суреттерін көрсету. Кім ұшаққа немесе кемеге мініп көрді сұрау. Алған әсерлері туралы сұрау.<br>Ұшақ қалай ұшады, кеме қалай жүзеді ойын арқылы көрсету, әңгімелесу.<br>**Тіл дамыту** | Асық ату<br>Мергендік, дәлдік және ептілік қабілеттерін арттыру.<br>Ойын барысы:<br>- Балалар асықтарды белгілі бір қашықтықтан сақамен атып, сызықтан шығаруға тырысады.<br>- Кім көп асық шығарса, сол жеңеді.<br>**Бір тұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным»гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары созу.<br>Алға еңкею арқа бұлшықеттерін созу.<br>Жеңіл жүгіру денені қыздыру.<br>**Негізгі қимыл**<br>Орнынан жоғары секіру.<br>Алға ұмтылып секіру.<br>Секіргішпен қатар секіру 4–5 рет.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ұшқыштар»<br>Балалар қимыл бағытын өзгертіп, | **Музыка**<br>Тақырыбы: Музыканы сезінеміз<br>Музыка тыңдау:<br>Таныс шығарманы қайта тыңдау, оның көңілді немесе сабырлы екенін анықтау.<br>Ән айту:<br>Әнді аспаптың сүйемелдеуімен барлығымен бір қарқында айту.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Музыкаға сәйкес қол, аяқ қимылдарын орындау. Екінші | **Қазақ тілі**<br>«Төлдер қалай шақырылады»<br>**Тілдік дамытушы орта:**<br>Балалар төлдер бейнеленген суреттерді қолданып, сахналық ойындарда төлдерді шақыру көріністерін орындайды.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Артикуляциялық | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары-төмен қозғалту.<br>Алға-артқа еңкею.<br>Жеңіл жүгіру.<br>**Негізгі қимыл**<br>Допты жоғары лақтыру және қағып алу.<br>Құрсаудан өту және астынан еңкею.<br>Бір аяқпен секіруді дамыту.<br>**Қимылды ойын**<br>«Допты қуып жет»<br>Домалаған доптың артынан жүгіріп, оны тоқтату. | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Музыка сөйлейді<br>**Музыка тыңдау:**<br>Музыканың қатты және ақырын бөліктерін тыңдап ажырату.<br>**Ән айту:**<br>Әнді сүйемелдеусіз айтуға талпындыру, тәрбиешінің көмегімен орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Қимылдарды музыка ырғағымен дәл келтіру.<br>**Балалардың** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | женіл жүгіріп, секіріп орындайды.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыка ырғағымен секіру, қолды көтеру.<br>**Қорытынды**<br>Тыныс жаттығулары: «гүлді иіскеу».<br>Жүрісті баяулату. | бөлімде қимылды өзгерту.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жан-жаққа созу.<br>Дене бұру, айналу.<br>Жеңіл жүру, қадамды үлкейту.<br>**Негізгі қимыл**<br>Шаңғысыз сырғанауды көрсету аяқтың сырғанау қозғалысы.<br>Шаңғыны ересекпен бірге кию және шешу.<br>Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбен жүру»<br>Балалар шаңғы ізі сызылған жолмен жүреді.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен сырғанауды бейнелейтін қимылдар.<br>**Қорытынды**<br>Демді қалпына келтіру, баяу жүріс | жаттығу «Дауысты соз».<br>Ұ, і дыбыстарын анық айту, дауыс күшін реттеу.<br>**Сөздік қор:** төл, қозы, бұзау, құлын, бота<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Жай сөйлемдер құрау<br>Бұл қозы.<br>Бұл бота.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Төлді қалай шақыратынын айтып беру.<br>**Ойын:** «Төлін шақыр»<br>Бала төлдің атын айтып, оны шақырып көрсетеді | **Ырғақтық жаттығу**<br>Музыка ырғағымен допты домалату, жоғары көтеру.<br>**Қорытынды**<br>Тыныс алу жаттығулары, баяу жүру.<br>. | **музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әннің ырғағын сазсырнаймен сүйемелдеу.<br>**Билер:**<br>Жұппен би қимылдарын орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Жабайы жануарлармен танысу»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Жаңылтпаш: «Жолда жүрді жабайы жануарлар».<br>Жануар атаулары: қасқыр, аю, түлкі, қоян.<br>Сан есімдер: бір аю, екі қоян, үш түлкі.<br>Сурет бойынша әңгімелеу: «Орманда жануарлар қалай өмір сүреді?»<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Аю мен қоян» әңгімесін тыңдау.<br>Қимылмен бейнелеу: аюдың ауыр жүрісі, қоянның секіруі.<br>**Қазақ тілі:**<br>Қазақша дыбыстар: қ қасқыр, ғ аюдың ырғағы.<br>Сөздік қор: орман, ін, апан.<br>Жай сөйлем құру: «Қасқыр жүгіріп | **«Аюдың әлемі»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Тақпақ: «Аю батыр, аю мықты».<br>Сөздер: апан, бал, орман.<br>Сан есімдер: үш апан, екі жеміс.<br>Сурет бойынша сөйлемдер: «Аю бал жейді».<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Аюдың тәттісі» ертегісін тыңдау.<br>Аюдың әрекетін сахналау.<br>**Қазақ тілі:**<br>Дыбыстар: ұ аю, ү күн.<br>Бұйрық рай: «қозғал», «жүгіруді тоқтат».<br>Жайылма сөйлем құру. | **«Түлкінің құлығы»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Жаңылтпаш: «Түлкі тұмсығын тығыпты».<br>Сөздер: түлкі, ін, құйрық.<br>Сан есімдер: бір түлкі, үш құйрық пішіні.<br>Әңгіме құрату: «Түлкі орманда нені іздеп жүр?»<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Түлкі мен қасқыр» ертегісін сахналау.<br>Интонация, қимыл арқылы бейнелеу.<br>**Қазақ тілі:**<br>Қазақ дыбыстары: ү түлкі.<br>Жай сөйлемдер: «Түлкі қашып кетті».<br>Лепті сөйлемдер: «Түлкі келді!» | **«Қасқыр — орман күзетшісі»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Тақпақ: «Қасқыр жортақ, саққұлақ».<br>Сөздер: қасқыр, жанұя, үңгі.<br>Сан есімдерді септікпен қолдану: «екі қасқырға қарадым».<br>Сурет бойынша оқиға құрату.<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін тыңдау.<br>Қасқырдың дауысын интонациямен жеткізу.<br>**Қазақ тілі:**<br>Қ, ғ дыбыстарын ажырату: қасқыр ғажап.<br>Хабарлы сөйлем құру: «Қасқыр жүгіріп келеді». | **«Жабайы жануарларды қорғау»**<br>**Тіл дамыту:**<br>Жаңылтпаш: «Жануарларға жанашыр бол».<br>Етістіктер: қорға, күт, сақта.<br>«Жануарларды не үшін қорғау керек?» тақырыбында қысқа әңгіме.<br>Бұйрықты сөйлемдер: «Қара», «Тоқта», «Тиіспе».<br>**Көркем әдебиет:**<br>Табиғатты қорғау туралы әңгіме тыңдау.<br>Кейіпкерлерді рөлге бөліп көрсету.<br>**Қазақ тілі:**<br>Қазақша дыбыстарды анық айту: ө, ү, ғ, қ.<br>Лепті сөйлем: «Табиғатты қорғайық!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүр». | | | | |
| **Екінші таңғы ас** | Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, аузыға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**<br>Қардың қалыңдығын бақылау, кеше мен бүгінді салыстыру.<br>**Еңбек:**<br>Қарды күрекпен тасу, үйіп қою.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Қояндар секіреді»*.<br>Мақсаты: секіру дағдыларын жетілдіру.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қардан доп жасау. | **Бақылау:**<br>Желдің соғуын, қардың ұшуын бақылау.<br>**Еңбек:**<br>Қарды бір жерге жинау.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Жел мен қар ұлпалары»*.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қарды жоғары лақтырып ойнау. | **Бақылау:**<br>Қысқы аспанды бақылау (ашық, бұлтты).<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңын қардан тазалау.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Қуаласпақ»*.<br>**Дербес әрекет:**<br>Шанамен сырғанау. | **Бақылау:**<br>Мұзды бақылау, тайғақ жердің қауіпті екенін түсіндіру.<br>**Еңбек:**<br>Тайғақ жерлерге қар себу.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Абай бол»*.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қар үстінде абайлап жүру. | **Бақылау:**<br>Қар жауып тұрған сәтті бақылау, қар ұлпаларын қарау.<br>**Еңбек:**<br>Жем салғышты тазалау.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Қарлы эстафета»*.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қармен еркін ойын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Математика негіздері:** Жануарлардың пішіндерін салыстыру (ірі кіші). Жұптап қою: екі қоян = екі қасқырға тең емес. 1–5 дейін санау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Жабайы жануарлардың орманда өмір сүретіні. Жануарларға жақындамау қауіпсіздігі. Өз есімін, ата-анасының атын айту. **Сурет салу:** Жануарлардың ізін салу (қоянның | **Математика негіздері:** Аюдың көлемін салыстыру: үлкен кіші. Жиынды салыстыру: көп бал аз бал. Кеңістік: жоғары–төмен. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Аюдың өмір салты: қыста ұйықтайды. Аюдың табиғаттағы рөлі. Орманда өзін ұстау ережесі. **Сурет салу:** Қоңыр түстермен аю бейнесін салу. **Мүсіндеу:** Аюдың бас, дене, | **Математика негіздері:** Түлкі силуэттерін өлшеміне қарай топтау. Заттарды жуандығына қарай салыстыру: жіңішке–жуан. 1–5 реттік санау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Түлкінің әдеті: ін қазады, өте сақ. Жануарлардың бір-біріне қалай тәуелді екенін түсіндіру. **Сурет салу:** Түлкінің қызғылт-сары түсін қолдану. **Мүсіндеу:** Ермексаздан түлкінің ұзын құйрығын жасау. **Жапсыру:** Түлкінің силуэтін жапсырып көлеңкесін бейнелеу. | **Вариативтік компанент** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері:** Қасқырдың ізін салыстыру (үлкен–кіші). «Көбірек–азырақ» ұғымын беру. Кеңістік: алда–артта. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Қасқырдың топпен жүретінін түсіндіру. Жабайы жануарларға тимеу ережесін бекіту. **Сурет салу:** Қара-сұр гуашьпен қасқыр бейнесін салу. **Мүсіндеу:** Қасқырдың ұзынша дене пішінін жасау. **Жапсыру:** Қасқырдың орман жолындағы көрінісін жапсыру. | **Математика негіздері:** Жануарлар тобын салыстыру: көп–аз. Пішіндерден жануар құрастыру: сопақ, үшбұрыш. Уақыт: таңертең–күндіз–кеш–түн. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Табиғатты қорғау ережелері. Жануарлар үшін қауіпсіз орта құру. Жолда жүру, қауіпсіздік ережелерін қайталау. **Сурет салу:** «Ормандағы жануарлар» сюжеттік сурет. **Мүсіндеу:** Жабайы жануарлардың ұжымдық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нүктелі, аюдың үлкен).<br>**Мүсіндеу:**<br>Ермексаздан қоян бейнесін жасау: құлақтарын созу, денесін біріктіру.<br>**Жапсыру:**<br>Жабайы жануарлардың силуэттерін жапсыру.<br>**Құрастыру:**<br>Легомен «орман» құрастыру. | аяқ бөліктерін біріктіріп мүсіндеу.<br>**Жапсыру:**<br>Аюдың апанын жапсыру (қараңғы түстер).<br>**Құрастыру:**<br>Картон қораптан аю апанын жасау. | **Құрастыру:**<br>Лего бөлшектерімен орман жолын салу. | **Құрастыру:**<br>Картоннан «орман соқпағы» құрастыру. | композициясын жасау.<br>**Жапсыру:**<br>Орман бөліктерін құрастыру: ағаштар, бұта, жануарлар.<br>**Құрастыру:**<br>Табиғи материалдардан «орман макетін» жасау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тақпақтар, жаңылтпаштар жаттау,қайталау. Мақсаты: Балабақшада бала тілін дамытудың негізгі мақсаты: ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. | Ойын – жаттығу «Түрлі-түсті жолақтар» Мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. | «Тапсырманы орында» Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. (Қоршаған орта коммуникативтік әрекет). | Лото ойыны: «Топтастыр» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін логикалық ойындар арқылы дамыту(математика негіздері-танымдық, коммуникативтік, ойын әрекеті). | Саусақ ойындарын қайталату «Жаңбыр» Балалар орындықтарға жаңбырдың дыбысын саусақтарын қимылдата отырып,айтады. Жаңбыр жауса,тырс тырс, Айтады,гүл: Дұрыс! Дұрыс! Жаңбыр жауса , тырс тырс Айтады ,қыр: Ырыс!Ырыс! Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту (Сөйлеуді дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | коммуникативтік, ойын әрекеті). |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **“Мұз үстімен сырғанау”**<br>**Міндеті:** тепе-теңдікті сақтау.<br>**Шарты:** Қауіпсіз шағын мұз аймағында балалар аяқпен сырғанап өтеді. Жарыс түрінде ұйымдастыруға болады. | **“Қысқы эстафета”**<br>**Міндеті:** жылдамдық, төзімділік.<br>**Шарты:** Балалар кезекпен белгіленген жолдан өтіп, кері қайтып baton (таяқ) береді. | **“Қардағы іздер”**<br>**Міндеті:** қырағылықты арттыру.<br>**Шарты:** Қардағы әртүрлі іздерді (адам, жануар) іздеп, соған сәйкес қимыл жасап жүреді. | **“Ақ аю мен итбалықтар”**<br>**Міндеті:** сенсорлық қозғалысты дамыту.<br>**Шарты:** Бір бала “ақ аю”, қалғандары “итбалық”. Итбалықтар сырғанап қашады, аю ұстайды. | **“Қар комын домалату”**<br>**Міндеті:** күш-қуатты дамыту.<br>**Шарты:** Балалар қарды домалатып, кім үлкен қар комын жасайды — сол жеңімпаз. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.  Асықпай бір-бірін  итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу,  өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар  және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс- | | | | |

| | |
|---|---|
| | әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |

Тексерілді: Бердаулетова

Ұсыныс: Ұлттық ойындарды жүйелі түрде кіріктіру ұсынылады.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 3- апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (19.01-23.01.2026жж)
**Қаңтар айы – Заң және тәртіп**
-Құқық бұзушылықтың алдын алу,
-Қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтау.
-Әр адамның жауапкершілігін арттыру.
**Апта дәйек сөзі:** «Әділ заң-аспан тірегі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
**Тәрбиешілер**: Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 19.01.2026 ж** | **Сейсенбі 20.01.2026 ж** | **Сәрсенбі 21.01.2026 ж** | **Бейсенбі 22.01.2026ж** | **Жұма 23.01.2026 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз(.өнегелі 15 минут)</td></tr>
<tr><td>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</td><td>Ақ сүйек Қырағылық пен шапшаңдықты дамыту. - Ақ сүйек лақтырылады, балалар оны іздеп табуға тырысады. - Бірінші болып тауып әкелген бала жеңімпаз атанады.<br>Бір тұтас тәрбие</td><td>«Гүлдерді күтеміз» балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.<br>Экологиялық тәрбие</td><td>«Жол әліппесі» балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік ережесі</td><td>«Жануарларды орналастыр» Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды.</td><td>«Жыл атасы» Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту</td></tr>
<tr><td>Ертеңгілік жаттығу</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары көтеру.<br>Алға еңкею.<br>Тізені бүгу және жазу.<br>**Негізгі қимыл**<br>Тізерлеп тұрып алға еңкею және шалқаю.<br>Зат ұстап аунап түсу (шалқадан → етпетінен).<br>Сызықтардан аттап секіру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Кім жылдам жетеді?»<br>Балалар белгіленген орынға ең тез секіріп жетуге тырысады.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен айналу, қол қимылдары.<br>**Қорытынды**<br>Баяу тыныс алу, аяққа жеңіл массаж. | **Музыка**<br>Тақырыбы: Әуен мен қимыл<br>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы тыңдап, оның сипатын сезіну.<br>Ән айту:<br>Әуенді таза, сөздерін анық айтуға үйрету.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Музыканың бірінші бөлігінде жүру, екінші бөлігінде жүрелеп отыру<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды екі жаққа созу.<br>Дене бұру.<br>Музыкамен жүру.<br>**Негізгі қимыл**<br>Музыка ырғағына қол сермеу.<br>Жеңіл секіру және бұрылу. | **Қазақ тілі**<br>«Төрт түлікті бағатын адамдар»<br>**Тілдік дамытушы орта:**<br>Балалар қойшы, жылқышы, сиыршы, түйеші бейнеленген суреттермен танысып, рөлдік ойын ойнайды.<br>Кейіпкерлердің көңіл күйін дауыс ырғағымен жеткізеді.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Артикуляциялық жаттығу «Жел үрледі».<br>Қ, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту.<br>**Сөздік қор:**<br>қойшы, жылқышы, сиыршы, түйеші<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Үлгі бойынша жайылма сөйлем құрау<br>Қойшы қой бағады.<br>Жылқышы жылқы бағады.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Кәсіп иесі туралы қысқаша айту.<br>**Ойын:** «Кім нені | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Жеңіл жүгіру.<br>Қолды жоғары көтеру, жанға ашу.<br>Созылу жаттығулары.<br>**Негізгі қимыл**<br>20–25 см биіктіктен секіру.<br>Ұзындыққа секіру.<br>Секіргішпен жылдам секіру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Жүгір де құтқар»<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен жылдам және баяу қимылдарды алмастыру.<br>**Қорытынды**<br>Жүрісті баяулату, дем шығару жаттығулары.<br><br>**:** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Музыкамен достық<br>**Музыка тыңдау:**<br>Тыңдалған музыкалар туралы әсерін айту.<br>**Ән айту:**<br>Таныс әндерді барлығымен бірге таза орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыкаға сәйкес еркін қимылдар жасау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Сазсырнайда қарапайым әуенді өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.<br>**Билер:**<br>Жұппен би қимылдарын орындап, сабақты қорытындылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату.<br>**Қимылды ойын**<br>«Музыка тоқтағанда»<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Бірқалыпты қимылдар, қадам мен қол үйлесімділігі.<br>**Қорытынды**<br>Босаңсу, тыныс алу жаттығулары. | бағады?»<br>Балалар кәсіп иесін төрт түлікпен сәйкестендіреді | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Балаларды серуен алаңына шығарып, айналадағы маусымдық өзгерістерге назар аударту. Күннің қыс мезгіліне қарағанда жылырақ екенін сезіндіру. Қардың азайғанын, кей жерлерде еріген су жиналғанын көрсету. Ағаштардың әлі жапырақсыз тұрғанын, бірақ табиғатта өзгеріс басталғанын түсіндіру. Сұрақтар қою: «Қыс мезгілі мен көктемнің айырмашылығы қандай?», «Неге қар еріп жатыр?», «Күннің пайдасы қандай?» Балалардың жауаптарын толық сөйлеммен айтуына бағыт беру. **Дербес әрекет:** Балалар көктем көріністерін қимыл арқылы бейнелейді (күннің шығуы, желдің соғуы, қардың еруі). «Көктем келді» тақырыбында 2–3 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құрастырады. **Еңбек:** Алаңдағы ұсақ қоқыстарды | **Бақылау:** Қар қалдықтарын бақылау. Қарды қолға алып, жылудың әсерінен еріп жатқанын көрсету. Қардың судың бір түрі екенін түсіндіру. «Қар неге суға айналады?» деген сұраққа балалардың ойлануына мүмкіндік беру. **Дербес әрекет:** Қарды шағын ыдысқа салып, біраз уақыттан кейін оның суға айналғанын бақылау. Қар көлемі мен су көлемін салыстыру. **Еңбек:** Еріген судың жиналып қалмауы үшін шағын арықша жасауға көмектесу. **Қимылды ойын:** «Тамшылар» Балалар тамшы болып қозғалады. «Жаңбыр!» – ұсақ секіреді. «Күн шықты!» – шеңберге жиналады. | **Бақылау:** Желдің бар екенін сезіну. Лента немесе жалауша арқылы жел бағытын анықтау. Ағаш бұтақтарының тербелісін бақылау. Желдің суық не жылы екенін анықтау. **Дербес әрекет:** Желдің баяу және қатты соғуын қимылмен көрсету. Жел туралы қысқа сөйлемдер айту. **Еңбек:** Жел ұшырған жапырақтарды немесе қағаздарды жинау. **Қимылды ойын:** «Жел мен ағаштар» «Жел баяу» – жай тербеледі. «Жел қатты» – тез қозғалады. «Дауыл» – отырып қалады. | **Бақылау:** Аспандағы бұлттарды бақылау. Олардың қозғалысын, пішінін сипаттау. Бұлттардың күнді жауып тұратынын түсіндіру. **Дербес әрекет:** Балалар бұлтты қандай затқа ұқсататынын айтады. 2–3 сөйлем құрастырады. **Еңбек:** Орындықтарды түзеу, алаңды ретке келтіру. **Қимылды ойын:** «Бұлт пен күн» «Күн» – еркін қозғалады. «Бұлт» – белгіленген орынға жиналады. | **Бақылау:** Құстардың дауысын тыңдау. Қыстап қалған және жылы жақтан оралған құстар туралы әңгімелеу. Құстардың көктемде белсенді болатынын түсіндіру. **Дербес әрекет:** Құс қимылын бейнелеу. «Құс не істейді?» сұрағына жауап беру. **Еңбек:** Жемсалғышқа жем салу, тазалығын тексеру. **Қимылды ойын:** «Құстар мен мысық» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолғап киіп жинау.<br>Қоқысты арнайы жәшікке салу. Тазалық сақтау туралы әңгімелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт»<br>Белгі бойынша тез әрекет ету дағдысын дамыту.<br>«Күн!» дегенде жүгіреді, «Бұлт!» дегенде отырып, басын жабады. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ана еңбегі үйдің берекесі екенін түсіндіру.<br>Үйдегі гүлдерге күтім жасау туралы әңгімелеу.<br><br>**Шығармашылық дағды**<br>**Сурет салу**<br>Ана мен қонақ бейнеленген сюжеттік композиция салу, заттардың арақатынасын сақтау.<br>**Мүсіндеу**<br>Қазақтың тұрмыстық заты тостағанды | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ана дайындайтын тағамдардың өсімдіктерден алынатынын айту. Көкөністер мен дәнді дақылдардың пайдасын түсіндіру.<br><br>**Шығармашылық дағды**<br>Сурет салу дастархан басындағы отбасының сюжеттік композициясын салу.<br>Мүсіндеу бауырсақ, табақ мүсіндеу, оюмен безендіру.<br>Жапсыру геометриялық пішіндерден дастархан оюын бірізділікпен | **Зерттеу:** «Қырау»<br>Мақсаты: Балаларды табиғаттың сұлулығын сезінуге тәрбиелеу.<br>Барысы: Тәрбиеші қыс мезгілінде таза ауаға шығып , қырау жамылған ағаштарды бақылап, міндетті түрде балалардың назарын қырыу жамылған ағаштардың әдемілігіне аудару. Қарандаршы балалар айналаға қарандар қандай әдемі ағаштар ғажап патшалыққа тап болғандаймыз, ағаштар бейне бір әсем көйлек кигендей, сипаттау. - Мұнда кімдер өмір сүреді? - Ағаштарлы кім қатырып тастады? - | **Вариативтік компанент** (маман жоспары бойынша)<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Өсімдіктер әлемі туралы түсінікті кеңейту.<br>Өсімдіктің тірі тіршілік иесі екенін, оның өсуі үшін жер, топырақ, су, жарық, жылу қажет екенін тәжірибе және бақылау арқылы анықтау.<br>Өсімдіктің даму кезеңдерімен таныстыру: тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл.<br>Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау (суару, жапырақтарының шаңын сүрту).<br>Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызын түсіндіру. | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ана еңбегінің отбасы өміріндегі және табиғатпен байланыстағы маңызын түсіндіру.<br>Ана баланы тәрбиелеп қана қоймай, өсімдіктерге, жануарларға қамқор болатынын айту.<br>Адамның табиғатқа қамқорлық танытуы ананың үлгісі екенін қорытындылау.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>«Анама сыйлық» тақырыбында сюжеттік композиция салу.<br>Суретте ана мен баланың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүсіндеп, ою элементтерімен безендіру.<br>**Жапсыру**<br>Геометриялық пішіндерден дастархан оюын жолаққа бірізділікпен жапсыру.<br>**Құрастыру**<br>LEGO арқылы ұжымдық «қонақ бөлме» құрастыру. | жапсыру.<br>Құрастыру LEGO арқылы «ас үй» бұрышын ұжымдық құрастыру. | Қайсы ағаш ерекше ұнады? Балалар: Ағаштардағы қырауды мұқият қарап шығады. Қырыу жамылған ағаштың бұтағыедағы қырауды алақандарына салып ұстау, қарау , бақылау . Бақылау: Нәтижесін айту. Қырау еріп суға айналады. Тәрбиеші: Ия, балалар Қырау – бұл да су , судың буы.Қырау қар сияқты, судың қатқан түрі. Балалармен серуен әсерімен бөлісу, ғажайып ағаш және ғажап патшалық жайлы әңгіме құрастыру. Күтілетін нәтиже: Балалар қырау – бұл да су , судың буы.Қырау қар сияқты, судың қатқан түрі екенін білді. | Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>«Гүл өсіріп жүрген ана» тақырыбында сюжеттік композиция салу.<br>Суретте өсімдіктің бөліктерін (сабақ, жапырақ, гүл) және олардың бір-бірімен арақатынасын көрсету, композицияны сақтау.<br>**Мүсіндеу**<br>Гүл немесе өсімдік бөліктерін мүсіндеу.<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы пішіндегі қазақ ою элементтерімен безендіру.<br>**Жапсыру**<br>Өсімдік элементтері мен геометриялық пішіндерден жолаққа бірізділік сақтай отырып ою-өрнек жапсыру.<br>Жұмысты ұқыпты орындау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Құрастыру**<br>LEGO және құрылыс материалдарынан ұжымдық «гүлзар» немесе «бақша» құрастыру.<br>Командамен жұмыс істеу, дайын құрылысты бірге талдау, нәтижеге баға беру. | өзара қарым-қатынасын, заттардың бір-біріне арақатынасын көрсету, бейненің композициясын сақтау.<br>**Мүсіндеу**<br>Анаға арналған сыйлықты (жүрек, гүл, тостаған) мүсіндеу.<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ ою элементтерімен безендіру.<br>**Жапсыру**<br>Геометриялық пішіндер мен өсімдік элементтерінен «Анаға сыйлық» композициясын жасау.<br>Жапсыру кезінде бірізділікті, арақашықтықты сақтап, жұмысты ұқыпты орындау.<br>**Құрастыру**<br>LEGO және құрылыс материалдарынан ұжымдық «Анаға сыйлық бұрышы» немесе «Отбасы бөлмесі» құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Бағыты:** Тіл дамыту<br>**Жұмыс:** Сурет бойынша 3–4 сөйлем құрату.<br>**Нәтиже:** Ойын жүйелі жеткізеді. | **Бағыты:** Дыбыстық мәдениет<br>**Жұмыс:** «Р», «С» дыбыстарын сөз ішінде айту.<br>**Нәтиже:** Дыбысты анық айтады. | **Бағыты:** Математика негіздері<br>**Жұмыс:** 1–5 дейін санау, кері санау.<br>**Нәтиже:** Сандарды ретімен атайды. | **Бағыты:** Логика<br>**Жұмыс:** Артық затты табу, себебін айту.<br>**Нәтиже:** Себеп-салдарды түсіндіреді. | **Бағыты:** Дыбыстық талдау<br>**Жұмыс:** Сөздің бірінші дыбысын анықтау.<br>**Нәтиже:** Дыбысты ажыратады. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Қар ериді»<br>**Шарты:** Балалар «қар» болып тұрады. «Күн шықты!» дегенде жайлап қозғалып, алаңға тарайды (еріген қардай). | «Көктемгі жел»<br>**Шарты:** Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. «Жел күшейді!» дегенде бағыттарын тез өзгертеді. | «Тамшылар жарысы»<br>**Шарты:** Екі топқа бөлініп, белгіге дейін жүгіріп барып, кері қайтады (жаңбыр тамшысындай). | «Мұз сынды»<br>**Шарты:** Балалар шеңберде тұрады. Белгі бойынша «мұз» шашырап жүгіреді. | «Жылғалардан өт»<br>**Шарты:** Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызықты баспай, секіріп өтеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (09.03-13.03.2026жж)
**Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы.**
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу
**Апта дәйек сөзі:** **«**Тәуелсіздік тәтті сөз ғана емес,ұлттық жауапкершілік» Адал азамат бір тұтас тәрбие бағдарламасы
**Тәрбиешілер:** Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі<br>09.03.2026 ж | Сейсенбі<br>10.03.2026 ж | Сәрсенбі<br>11.03.2026 ж | Бейсенбі<br>12.03.2026ж | Жұма<br>13.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | **«От қауіпті!» (Өрт қауіпсіздігі) Ойын барысы:** «Сіріңке кімге арналған?» (Үлкендерге!) «Өрт шықса, не істеу керек?» (Үлкендерге айту!) Балалар өрт сөндірушілердің рөлін ойнайды: «Өрт шықты!» дегенде балалар қолдарымен су шашып, өртті сөндіргендей әрекет жасайды. «101» нөмірін есте сақтау маңызды екенін үйренеді.<br>**Қауіпсіздік ережелері** | Балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: Розеткаға қол тигізбе! Пышақты ұстама! Дәрілерді өз бетіңше ішпе!<br>**Қауіпсіздік ережелері**<br>«Кімнің заттары?»<br>Балаларға әртүрлі заттар көрсетіледі. Олардың иесін анықтау сұралады: «Бұл кімнің заттары?» «Әже не киеді?» «Әке жұмысқа не алып барады?»<br>Балалар жауап береді және өз тәжірибелерімен бөліседі.**Әлеуметтік дағдылар** | **«Таза су, лас су» (Суды сүзу)**<br>**Тәжірибе барысы:** Балаларға екі стакан суды көрсетіп, қайсысы таза, қайсысы лас екенін сұраңыз. Лас суды сүзгі арқылы өткізіп, оның тазаланғанын бақылаңыз. Қорытынды: «Лас суды ішуге болмайды! Табиғатты таза ұстауымыз керек!»<br>**Экологиялық тәрбие** | «Қыз қуу»<br>Балалар екі топқа бөлінеді: ұлдар және қыздар.<br>Ойын басталғанда, қыздар алға жүгіріп кетеді.Белгілі бір қашықтықтан кейін (тәрбиеші белгілеген сызықтан) ұлдар қыздарды қуып жетуі керекЕгер ұл бала қызды қуып жетсе, қызға жеңіл қол тигізіп "қуып жеттім!" деп айтуы керек.Егер қыз мәреге бірінші жетсе, ол "жеңімпаз" атанады.**Дене тәрбиесі, бір тұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Бір ән алдымен домбырамен, кейін басқа аспаппен (фортепиано/аудио) орындалады.<br>Балалар соңына дейін тыңдайды, айырмашылығын байқайды: дыбыс жұмсақ па, анық па.<br>Есте сақтау үшін домбырадағы нұсқасы қайта тыңдатылады.<br>Ойын: «Қай нұсқа?»<br>Балаларға екі белгі: «Домбыра» / «Басқа аспап». Қайта дыбыс тыңдап, дұрыс белгіні көтереді.<br>**Ән айту**<br>Ән сүйемелдеумен | **Қазақ тілі**<br>Көктем» тақырыбы<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын 1: «Көктемді сипатта»<br>«Көктемде күн жылынады, қар ериді, құстар ұшып келеді.»<br>Балалар жауапты әсерлі, дауыс ырғағын өзгертіп айтуға тырысады. Ойын 2: тасиды.»<br>Ө дыбысын созып айту жаттығуы жасалады.<br>Ойын 2: «Қ дыбысы қайда?»<br>«Қар не істеді?»<br>«Қар еріді.»<br>«Құстар келді.»<br>Қ дыбысын анық, қалыпты қарқынмен аударады.<br>**Сөйлеудің дыбыстық** | **Дене тәрбиесі**<br>**Сапқа тұру. Бағытты бағдарлау**<br>Кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Сапта дұрыс бұрылуды бекіту.<br><br>**І. Кіріспе бөлім**<br>Сапқа тұру.<br>Жай жүріс, жүгіру.<br>Тыныс алу жаттығулары.<br><br>**ІІ. Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Саусақ жаттығулары.<br>2. Қол айналдыру.<br>3. Бұрылу.<br>4. Еңкею.<br>5. Аяқ көтеру.<br><br>**ІІІ. Негізгі қимыл** | **Музыка тыңдау**<br>Домбырамен орындалған ән тыңдалады.<br>Иллюстрациялар ретімен көрсетіледі (оқиға желісі).<br>Балалар соңына дейін тыңдайды, кейін суреттерді ретімен қояды.<br>Ойын: «Суретті ретте»<br>Музыкаға сай 3–4 суретті дұрыс ретке келтіру (есте сақтау, мазмұнды түсіну).<br>**Ән айту**<br>Ән сүйемелдеумен айтылады, содан кейін шағын бөлігін сүйемелдеусіз айту.<br>Мәнерлеп айту: көңілді жерін көтеріңкі, тыныш жерін жұмсақ айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтылады, кейін қайырмасы сүйемелдеусіз айтылып көріледі.<br>Әнді созып, қимылмен үйлестіру: қайырмада қолды ашу, соңында қолды кеудеге қою.<br>Ойын: «Әуенді жалғастыр»<br>Әннің бастапқы бөлігі айтылып, соңғы сөз тіркесін балалар бірге аяқтайды.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Музыка көңілді, ойнақы екенін қимылмен көрсету: жеңіл секіру қадамы, қол бұлғау, бұрылу.<br>Ойын: «Музыка өзгерсе қимыл өзгер»<br>Баяу бөлік жай жүру, жылдам бөлік шапшаң қадам, тоқтау қатып қалу.<br>**Аспапта ойнау**<br>Балалар домбырасы: 1–2 бала кезекпен шегін қағып көреді.<br>Қалғандары таныс әуеннің ырғағын соқпалы аспаппен береді. | **мәдениеті**<br>Ойын 1: «Ө дыбысын анық айт»<br>Ө дыбысы бар сөздерді айтады:<br>Өзен, көгершін, көктем, көбелек.<br>«Көктемде өзен<br>«Көктемді әртүрлі айт»<br>Балалар «Көктем келді!» сөйлемін:<br>қуанышты,<br>таңдана,<br>баяу,<br>көтеріңкі көңілмен айтады.<br>Тәрбиеші дауыс қарқыны мен мәнеріне назар айтуға жаттығады.<br>Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен дем алып, сөйлемді бір тыныспен айту.<br>**Сөздік қор**<br>Ойын 1: «Көктемді мәнерлеп айт»<br>Балалар көктем туралы 4–5 сөйлем құрайды.<br><br>**жаттығу**<br>Музыкамен баяу марш. | Бір-бірден сапқа тұру.<br>Белгі бойынша оңға, солға бұрылу.<br>Орнында айналу.<br><br>**IV. Қимылды ойын: «Бағытты тап»**<br>Зейін мен кеңістікті бағдарлауды дамыту.<br>**Ойын шарты:**<br>Педагог «оңға», «солға», «алға», «артқа» деп бағыт береді. Балалар сол бағытта қозғалады.<br>**Ережесі:**<br>Белгіні мұқият тыңдау<br>**«Бағытты тап»**<br>Зейін мен кеңістікті бағдарлауды дамыту.<br>**Ойын шарты:**<br>Педагог «оңға», «солға», «алға», «артқа» деп бағыт береді. Балалар сол бағытта қозғалады.<br>**Ережесі:**<br>Белгіні мұқият тыңдау<br>Қателеспеу<br>Итермеу<br><br>**V. Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен шеңбер бойымен жүру.<br><br>**VI. Қорытынды бөлім**<br>Тыныс алу жаттығулары. | Жол соңын созып айтуға көңіл бөлу.<br>Ойын: «Дауыс бояуы»<br>Белгі бойынша: «жай»» жұмсақ айту, «қатты» сәл көтеріңкі айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Ән мазмұны бойынша сахналау: бір топ «ән айтушылар», бір топ «кейіпкерлер». Эпизод ауысқанда кейіпкерлер қимылы өзгереді.<br>Ойын: «Эпизод ауысты»<br>1-эпизод жүру, 2-эпизод қол бұлғау, 3-эпизод<br>**Аспапта ойнау**<br>Металлофонда (бір пластина) әннің соқпақ ырғағын соғу.<br>Домбыра үні қосылғанда ырғақ беру, тыныш жерде тоқтау.<br>Ойын: «Қосыл тоқта»<br>Қайырмада ғана аспаппен қосылады, куплетте тоқтайды.<br>**Би** Қазақ биінің қарапайым элементтері қайталанады: қадам + қол өрнегі + бұрылу.<br>Ойын: «Би пазлы»<br>Қимылды бөліктерге бөліп үйрену: 1) қадам 2) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ойын: «Кім бастайды?»<br>Ырғақты бір бала бастап береді, қалғандары қосылып қайталайды.<br>**Би**<br>Шеңбер бойымен ән айтып жүру, бағытты ауыстыру, қимылды тез өзгерту.<br>Ойын: «Бағыт ауыстыр»<br>Белгі естілсе шеңбер бағытын ауыстырады (ептілік).<br>**Сапқа тұру. Табан жаттығулары**<br>Балалардың сапқа тұру дағдысын бекіту.<br>Жалпақ табандылықтың алдын алу, табан бұлшықеттерін шынықтыру.<br><br>**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**<br>Сапқа тұру. Сәлемдесу.<br>Жаттығулар:<br>Жай жүріс<br>Аяқ ұшымен жүру<br>Өкшемен жүру<br>Жеңіл жүгіру<br>Тыныс алу | | Сабақты қорытындылау. | қол 3) бұрылу — соңында біріктіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттығулары.<br>**II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут)**<br>1. Қолды жоғары көтеру төмен түсіру.<br>2. Қолды айналдыру.<br>3. Қол белде бұрылу.<br>4. Алға еңкею.<br>5. Орнында жеңіл секіру.<br><br>**III. Негізгі қимыл**<br>Шеңберге тұру.<br>Орнында айналу.<br>Бағыт бойынша жүру.<br>**: «Жалаң аяқ жолмен жүру»**<br>Табан бұлшықеттерін дамыту, шынықтыру.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар арнайы массаж жолақтарымен немесе тегіс емес бетпен жалаң аяқ жүреді.<br>**Ережесі:**<br>Жүгірмеу<br>Бірінің артынан бірі жүру<br>Итермеу<br>**Қауіпсіздік:** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жолақ тайғақ болмауы тиіс.<br><br>**V. Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен баяу марш.<br><br>**VI. Қорытынды бөлім**<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>Ауыз шаю ережесін еске салу. | | | |
| | | **Апталық дәйек сөз:**<br>«Көктем табиғаттың жаңаруы»<br>«Көктем белгілері»<br>**Коммуникативтік дағды Тіл дамыту**<br>Ойын: «Көктем сөздері»<br>Балалар көктем туралы әңгімеге қатысады. Тәрбиеші «көктем келді», «күн жылынды», «қар ерiдi» сөз тіркестерін айтады, балалар сол сөздерді анық, дұрыс дикциямен қайталап, қай сөз көктемге қатысты екенін айтады.<br>**Байланыстырып сөйлеу** | Көктемгі табиғат<br>**Коммуникативтік дағды Тіл дамыту**<br>Ойын: «Қандай?»<br>Балалар тәрбиеші айтқан затқа лайық сын есімді таңдап айтады: шөп жасыл, күн жылы.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын: «Бір сурет бір әңгіме»<br>Балалар көктемгі табиғат суретіне қарап, бір-бір сөйлем қосып, ортақ әңгіме құрастырады.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ойын: «Жұмбағын тап»<br>Балалар жұмбақтың шешуін тауып, неге солай ойлағанын айтып | Көктемгі еңбек<br>**Коммуникативтік дағды Тіл дамыту**<br>Ойын: «Кім не істеді?»<br>Балалар көктемгі еңбек түрлерін атап, «егеді», «суарады», «қопсытады» сөздерін қолданып сөйлем құрайды. Тәрбиеші әрекетті көрсетіп, балалар оның атауын айтып береді.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын: «Бақшадағы бір күн»<br>Балалар көктемгі бақшадағы еңбекті ретімен айтып, таңертең не істелетінін, кейін не болатынын әңгімелейді.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ойын: «Не туралы?»<br>Балалар еңбек туралы | Көктемдегі құстар<br>**Коммуникативтік дағды Тіл дамыту**<br>Балалар көктемде ұшып келетін құстар туралы әңгімелейді, «құстар келді», «ұя салды», «ұшты» сөз тіркестерін анық, дұрыс айтады.<br>Ойын: «Дұрыс айт»<br>Тәрбиеші сөз тіркесін айтады, балалар оны анық дикциямен қайталайды, қате айтылса түзетеді.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Балалар «Құстар келді» сюжетті жағдайы бойынша шағын көрініс құрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ойын: «Көктем келді»<br>Балалар рөлдерге бөлініп (күн, гүл, жел), шағын сахналық көрініс арқылы көктемнің келгенін қысқа сөйлемдермен баяндайды.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ойын: «Сурет сөйлейді»<br>Балалар көктем туралы өлең тыңдайды, жаңылтпаш айтады, кітаптағы суреттерді қарап, әр бала сурет бойынша бір сөйлем айтады.<br>**Қазақ тілі**<br>Ойын: «Қалай айтамыз?»<br>Балалар «Көктем келді», «Күн жылынды» сөйлемдерін әртүрлі интонациямен айтып көреді, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстары бар сөздерді анық айтуға жаттығады. | береді.<br>**Қазақ тілі**<br>Ойын: «Сөйлемді жалғастыр»<br>Тәрбиеші сөйлемді бастап береді, балалар жалғастырып айтады.<br>**Математика негіздері**<br>Ойын: «Гүлдерді ретте»<br>Балалар гүлдерді санап, ретімен орналастырып, нешінші тұрғанын айтады. | шағын әңгімені тыңдап, кейіпкерлердің не істегенін айтып береді.<br>**Қазақ тілі**<br>Ойын: «Сөзден сөйлем»<br>Балаларға бірнеше сөз беріледі, сол сөздерден жай немесе жайылма сөйлем құрастырады.<br>**Математика негіздері**<br>Ойын: «Өсіп тұр»<br>Балалар еңбек құралдарын немесе өсімдіктерді кішіден үлкенге қарай орналастырып, ретімен санайды. | Ойын: «Бір сөйлем бір ой»<br>Әр бала құстар туралы бір сөйлем айтып, әңгіме бірізді жалғасады.<br>**Көркем әдебиет**<br>Балалар құстар туралы өлең тыңдайды, жаңылтпаш айтады.<br>Ойын: «Кім тез айтады?»<br>Балалар жаңылтпашты анық, тоқтамай айтуға тырысады.<br>**Қазақ тілі**<br>Балалар сөйлемдерді интонациямен айтады, ө, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға жаттығады.<br>Ойын: «Дыбысты естіп айт»<br>Тәрбиеші дыбысы бар сөз айтады, балалар сол дыбысты бөліп айтады.<br>**Математика негіздері**<br>Балалар құстар бейнеленген жиынды қарайды, жұппен салыстырады, реттік санды атайды.<br>Ойын: «Қайсысы нешінші?»<br>Балалар құстарды ретімен қойып, нешінші тұрғанын айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Екінші таңғы ас** | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет (кезекшілік). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | **Бақылау:**<br>Күн ашық кезде балалардың көлеңкесін көрсетіп, ұзындығын салыстыру. Таңертеңгі және түскі көлеңкенің айырмашылығын түсіндіру.<br>Сұрақтар: «Көлеңке қашан пайда болады?», «Неге көлеңке ұзын/қысқа?»<br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар өз көлеңкесін басып көреді, секіріп байқайды. Көлеңкені қимыл арқылы зерттейді.<br>**Еңбек:**<br>Аландағы заттарды реттеу.<br>**Қимылды ойын – «Көлеңкені бас»**<br>Бір бала жүргізуші болады. Ол басқа балалардың | **Бақылау:**<br>Балалар көздерін жұмып, табиғат дыбыстарын тыңдайды: жел, су тамшысы, құстар дауысы. Әр дыбысты ажыратып айтуға үйрету.<br>**Дербес әрекет:**<br>Дыбысты қимылмен бейнелеу (тамшы – саусақпен тықылдату, жел – қолды сермеу).<br>**Еңбек:**<br>Ойыншықтарды жинау.<br>**Қимылды ойын – «Дыбысты тап»**<br>Тәрбиеші белгілі бір бағытта дыбыс шығарады (алақан соғу). Балалар дыбыс шыққан жаққа жүгіреді.<br>Мақсаты: есту қабілетін | **Бақылау:**<br>Еріген судың қай бағытта ағып жатқанын бақылау. Су төмен қарай ағатынын түсіндіру.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қолмен су ағымын көрсету. Жылдам және баяу ағуды салыстыру.<br>**Еңбек:**<br>Су жиналған жерді тазалау.<br>**Қимылды ойын – «Өзеннен өт»**<br>Жерге сызық сызылады. Балалар оны «өзен» деп елестетеді.<br>Сызықтан секіріп | **Бақылау:**<br>Күнге қарап, жылуын сезіну. Қардың күн түскен жерде тез еритінін байқау.<br>**Дербес әрекет:**<br>«Күн шықты» қимыл жаттығуы.<br>**Еңбек:**<br>Су ағатын жерді реттеу.<br>**Қимылды ойын – «Күн шапағы»**<br>Балалар шеңберде тұрады. Бір бала – «Күн». Ол ортада тұрып, «сәулелерін» жібереді (қолын тигізеді). Кімді ұстаса, сол сәуле болып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көлеңкесін басуға тырысады. Кімнің көлеңкесін басса, сол жүргізуші болады.<br>Ереже: итеруге болмайды, тек көлеңкені басу керек. | дамыту. | өту керек.<br>Ереже: сызықты басуға болмайды. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | **Математика негіздері**<br>Ойын: «Жұбын тап»<br>Балалар көктемге байланысты суреттерді жұппен орналастырып, олардың тең немесе тең емес екенін анықтайды.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ойын: «Не өзгерді?»<br>Балалар суреттерді салыстырып, көктемде табиғатта қандай өзгеріс болғанын айтып береді.<br>**Шығармашылық дағды**<br>Ойын: «Көктемгі шеберхана»<br>Балалар сурет салып күн мен бұлтты бейнелейді, мүсіндеуде қарапайым пішіндерден гүл немесе күн жасайды, жапсыруда қағаздан күн сәулелерін орналастырады, құрастыруда LEGO арқылы көктемгі алаң жасайды. | **Зерттеу:** «Ериді - ерімейді»<br>Мақсаты:Балалардың шекер мен құмның еритінін, ерімейтініне көз жеткізу. Ол екеуі де бір-біріне ұқсайтын сусымалы зат, қасиеттері әр түрлі екенін тәжірбие жасау арқылы анықтау.<br>Көрнекілігі:Әр бір балаға екі стакан су, екі қасық, шекер , құм. Барысы: Үстөлге отырып тәрбиешінің тапсырмасы бойынша іске кірісу керек. Бірінші қасықты қолға алып бірінші стакандағы суға шекер саламыз, шекер сусымалы зат, қасықпен араластырамыз. Екінші қасықты алып екінші стаканға қышыр құмды саламыз оны да араластырамыз. Енді бірінші стакандағы суды байқаймыз, араластырамыз суда еш нәрсе жоқ, шекер еріп кеткенін байқадық, | **Вариативтік компонент(маман жоспары бойынша)**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Балалар өсімдікке не қажет екенін айтады.<br>Ойын: «Өсімдікке не керек?»<br>Балалар су, жарық, жылуды атап көрсетеді.<br>**Шығармашылық дағды**<br>Балалар гүлді бейнелейді, оюмен безендіреді.<br>Ойын: «Гүлзар»<br>Балалар сурет салып, мүсіндеп, жапсырып, гүлзар композициясын жасайды. | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Балалар құстардың тірі табиғат иесі екенін, оларға қамқорлық қажет екенін түсінеді.<br>Ойын: «Құстарға көмектес»<br>Балалар құстарға не қажет екенін айтып шығады (су, тыныштық, ұя).<br>**Шығармашылық дағды**<br>Балалар сурет салады, мүсіндейді, жапсырады, құрастырады.<br>Ойын: «Құс ұясы»<br>Балалар түрлі материалдарды пайдаланып құс және ұя жасап, ортақ композиция құрады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қасықпен судың дәмін көрдік, су тәтті. Демек шекер суда ериді , судың дәмін өзгертеді. Ал құмды бақылайық , құмды қасық пен араластырғанда суда құмның сол күйінде тұрғанын көрдік. Демек құм суда ерімейді. Күтілетін нәтиже: Балалар екі бірдей сусымалы заттардың, шекердің суда еритініне, құмның суда ерімейтініне тәжірбие арқылы көз жеткізді | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Бағыты:** Қоршаған ортамен танысу **Жұмыс:** Жыл мезгілдерін атау. **Нәтиже:** 4 мезгілді ажыратады. | **Бағыты:** Ұсақ моторика **Жұмыс:** Қиып-жапсыру жұмысы. **Нәтиже:** Қайшымен дұрыс жұмыс істейді. | **Бағыты:** Сөйлеу мәдениеті **Жұмыс:** Сыпайы диалог құру. **Нәтиже:** 2–3 сөйлеммен жауап береді. | **Бағыты:** Есте сақтау **Жұмыс:** 4 сөзді есте сақтап қайталау. **Нәтиже:** Есте сақтау қабілеті дамиды. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | «Бұлт пен күн» **Шарты:** «Күн» дегенде еркін ойнайды, «Бұлт» дегенде бір | «Құстар оралды» **Шарты:** Балалар құс болып ұшады (жүгіреді). «Ұяға!» дегенде | «Лайдан сақтан» **Шарты:** Шеңберлер (көлшік) қойылады. Балалар секіріп өтіп, ішіне түспеуі | «Кім жылдам?» **Шарты:** Белгі бойынша белгіленген жерге дейін жүгіріп, кері қайту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жерге жиналады. | шеңберге кіреді. | керек. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 3 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (16.03-20.03.2026жж)
**Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы.**
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу
**Апта дәйек сөзі:** «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» Адал азамат бір тұтас тәрбие бағдарламасы
**Тәрбиешілер:** Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 16.03.2026 ж | Сейсенбі 17.03.2026 ж | Сәрсенбі 18.03.2026 ж | Бейсенбі 19.03.2026ж | Жұма 20.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Сиқырлы су»<br>**Шарты:** Балалар суға түрлі заттарды салып, бата ма, қалқып жүре ме бақылап көреді.<br>**эксперименталдық, танымдық, коммуникативтік әрекет** | «Көңілді қимылдар»<br>**Шарты:** Музыка әуенімен жүгіру, секіру, түрлі қимылдарды қайталау.<br>**қимылды ойын** | «Құрылысшылар»<br>**Шарты:** Балалар құрылыс бөлшектерінен үй, көпір құрастырады. Бір-бірімен ақылдасып жұмыс жасайды.<br>**танымдық, шығармашылық, коммуникативтік, дербес әрекет** | «Дәмді ас»<br>**Шарты:** Балалар аспаз рөлінде ас дайындауды ойнайды (араластыру, ыдысқа салу).<br>ойын, **шығармашылық, коммуникативтік, еңбек әрекеті** | «Түстерді тап»<br>**Шарты:** Тәрбиеші айтқан түсті тауып, сол түсті затты көрсетеді.<br>**танымдық, коммуникативтік, ойын.** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**Сапқа тұру. Жылдамдықты дамыту**<br>Балаларды сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық сақтауға үйретуді жалғастыру.<br>Жүгіру арқылы жылдамдық пен ептілікті дамыту.<br><br>**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**<br>Балаларды сапқа тұрғызу.<br>Сәлемдесу.<br>Сыртқы келбетін тексеру.<br>Жаттығулар:<br>Жай жүріс<br>Аяқ ұшымен жүру<br>Өкшемен жүру<br>Бағыт ауыстырып жеңіл жүгіру<br>Тыныс алу жаттығуы (3–4 рет).<br><br>**II. Жалпы дамытушы** | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Домбырада ойнақы күй тыңдатылады. Балалар соңына дейін тыңдайды.<br>Музыкада «жылдам» жерін қолмен шапалақтап белгілеу ұсынылады.<br>Ойын: «Жылдам жерін тап»<br>Музыка жылдамдаса шапалақ, баяуласа қол тізеде.<br>**Ән айту**<br>Таныс ән сүйемелдеумен айтылады.<br>Қайырма сүйемелдеусіз айтылып көріледі.<br>Әнді созып айту, қимылмен үйлестіру: қайырмада қолды жоғары көтеру.<br>Ойын: «Созып жібер»<br>Ән соңындағы дыбысты бәрі бірге «ұзақ» созып айтады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Таныс әннен қысқа сахналық көрініс: | .**Қазақ тілі**<br>Сөйлем құрайды:<br>«Наурыз ұлыс мерекесі.»<br>Ойын 2: «Ғ және Қ дыбыстары»<br>Сөздер: ғұрып, қонақ, құрмет, ырыс, ілтипат.<br>Тәрбиеші сұрайды:<br>«Қонақ не істеді?»<br>Балалар:<br>«Қонақ келді.»<br>«Қонаққа құрмет көрсетті.»<br>Дыбыстарды анық, қалыпты қарқынмен айтуға жаттықтыру.<br>**Сөздік қор**<br>Ойын 1: «Батаны мәнерле»<br>Қысқа бата сөзін кідіріс жасап, логикалық екпінмен айту:<br>«Ұлыс оң болсын,<br>Ақ мол болсын!»<br>Мәнерлеп сөйлеуге баулу.<br>Ойын 2: «Сөзді толықтыр»<br>«Наурызда адамдар бір-біріне …»<br>Балалар жалғастырады:<br>«құттықтау айтады.»<br>«бата береді.» | **Дене тәрбиесі**<br>**Сапқа тұру.**<br>**Шапшаңдықты дамыту**<br>Жүгіру арқылы шапшаңдық пен төзімділікті дамыту.<br><br>**I. Кіріспе бөлім**<br>Сапқа тұру.<br>Жай жүріс.<br>Бағыт ауыстырып жүгіру.<br>Тыныс алу жаттығулары.<br><br>**II. Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Саусақ жаттығулары.<br>2. Қол айналдыру.<br>3. Бұрылу.<br>Еңкею. **III. Негізгі қимыл**<br>Бір-бірден сапқа тұру.<br>Екеуден қатарға тұру.<br>Белгі бойынша бұрылу.<br><br>**IV. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдық пен төзімділікті дамыту.<br>**Ойын шарты:**<br>Белгі бойынша балалар белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады. | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Домбырамен орындалған ән тыңдатылады.<br>Иллюстрация арқылы мазмұны ашылады.<br>Балалар соңына дейін тыңдайды, кейін әннің көңіл күйін айтады.<br>Ойын: «Көңіл күйді таңда»<br>Көңілді/тыныш/ойнақы смайликтерден біреуін таңдайды.<br>**Ән айту**<br>Ән сүйемелдеумен, кейін сүйемелдеусіз қайырмасы айтылады.<br>Мәнерлеп айтуға баулу: сөйлем соңын созу фразаны бір тыныспен айту<br>қимылмен үйлестіру (ре–си диапазонында дыбысты дұрыс алып айту)<br>Ойын: «Әнді қимылмен айт»<br>Ән айта отырып 2 қимылды міндетті орындау: қолды ашу + бұрылу.<br>**Музыкалық-ырғақтық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету (амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау). Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін түсіндіру. Достық пен сыйластықтың маңызын ұғындыру. (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын) | Балаларды қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Қоғамдық көлікте, ойын алаңында өзін дұрыс ұстауға үйрету. Сыпайы қарым-қатынас дағдыларын бекіту (амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау). (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын «Қалай дұрыс?»)<br><br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру (сатушы, жүргізуші, тәрбиеші). Әр адамның еңбегін құрметтеу, құқықтары тең екенін түсіндіру. (әңгімелесу, ойын «Мамандықты | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тап») | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Көктемгі ауа райын бақылау: күннің жылуын сезіну, жел бар-жоғын анықтау, аспандағы бұлттарды бақылау. Табиғаттағы өзгерістерді байқау (қар еріді ме, жер құрғады ма). Сұрақтар: «Бүгін күн жылы ма?», «Жел соғып тұр ма?», «Аспанда бұлт бар ма?», «Көктемнің қандай белгілерін көріп тұрсың?» Балалар қарапайым қорытынды жасайды, өз | **Бақылау:** Ағаштағы жаңа жапырақтарды қарау, түсін сипаттау. Балалар жапырақтың түсін (ашық жасыл, қою жасыл), пішінін, көлемін байқайды. Көктемде табиғаттың жаңаруын түсінеді. Сұрақтар: «Жапырақтың түсі қандай?», «Ол үлкен бе, әлде кішкентай ма?», «Қай ағашта жапырақ көп?» Балалар өз ойларын айтып, салыстыруға үйренеді. **Қимылды ойын:** «Қуып жет» – белгі бойынша бір бала екіншісін қуады. Балалар шапшаң жүгіруге, бағытты тез өзгертуге, белгіге назар | **Бақылау:** Құстарды бақылау, дыбысын тыңдау. Балалар құстардың ұшуын, қонуын, дауысын тыңдап ажыратады. Құстардың түр-түсіне, көлеміне назар аударады. Сұрақтар: «Қандай құсты көрдің?», «Оның дауысы қандай?», «Қайда ұшып жүр?» Балалар табиғатқа қызығушылық танытып, қамқорлық жасау керектігін түсінеді. **Қимылды ойын:** «Ұшты-ұшты» – ұшатын, ұшпайтын заттарды ажырату. Тәрбиеші заттардың атауын айтады, балалар «ұшты» дегенде қолдарын көтереді, ал ұшпайтын затта қимыл | | **Бақылау:** Құмырсқа, көбелек сияқты жәндіктерді қарау. Балалар жәндіктердің қозғалысын, түсін, көлемін байқайды, олардың қалай жүретінін, ұшатынын бақылайды. Сұрақтар: «Құмырсқа қайда бара жатыр?», «Көбелек қалай ұшады?», «Олар не істеп жүр?» Табиғатқа қызығушылықтары артып, жәндіктерге зиян келтірмеу керектігін түсінеді. **Қимылды ойын:** «Тауық пен балапандар» – тәрбиеші «тауық», балалар «балапан». Балалар тәрбиешінің соңынан еріп қозғалады, белгі бойынша тығылады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойларын айтып үйренеді. **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» – «күн» дегенде жүгіреді, «жаңбыр» дегенде тығылады. Ойын барысында балалар шапшаңдыққа, зейін қойып тыңдауға, белгі бойынша әрекет етуге үйренеді. Қауіпсіздік сақталады, бір-біріне кедергі келтірмей ойнайды. Ойынды бірнеше рет қайталау арқылы қызығушылықтары артады. **Спорттық ойын:** Допты екі қолмен домалату, бір-біріне дәл беру. Балалар допты бағыттап домалатуды, қашықтықты сезінуді үйренеді. Жұппен жұмыс жасайды, кезек сақтайды. Қимыл- | аударуға үйренеді. Ойын кезінде қауіпсіздік сақталып, балалар бір-біріне кедергі келтірмейді. Ойын қызықты әрі белсенді түрде бірнеше рет қайталанады. **Спорттық ойын:** Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алу. Балалар допты дұрыс лақтыруды, көзбен бақылап, дәл қағып алуды үйренеді. Қолдың икемділігі, қозғалыс үйлесімділігі дамиды. Жаттығу жеке және топпен орындалады, кезек сақталады. **Еңбекке баулу:** Ойыншықтарды орнына жинау. Балалар ойын соңында ойыншықтарды ретімен жинап, өз орындарына қояды. Тазалық пен ұқыптылыққа дағдыланады. Ортақ еңбектің маңызын түсініп, жауапкершілік сезімі қалыптасады. | жасамайды. Ойын барысында балалар зейінін шоғырландырып, тез ойлап әрекет етуге үйренеді. Есте сақтау, тыңдау қабілеті дамиды. **Спорттық ойын:** Шеңбердің ішіне секіру, сыртқа шығу. Балалар белгі бойынша шеңберге кіріп, қайта сыртқа секіреді. Қозғалыс үйлесімділігі, аяқ бұлшықеттері, шапшаңдық дамиды. Жаттығуларды дұрыс орындауға, арақашықтық сақтауға үйренеді. **Еңбекке баулу:** Гүлдерге су құю. Балалар гүлдерді күтіп-баптауды үйренеді, су құю тәртібін сақтайды. Өсімдіктерге қамқорлық жасау, табиғатты аялау туралы түсініктері қалыптасады. Ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиеленеді. | | немесе жиналады. Ойын барысында балалар ептілікке, шапшаңдыққа, топпен әрекет етуге үйренеді. Зейіні, тыңдау қабілеті дамиды. **Спорттық ойын:** Кедергілерден аттап өту. Балалар әртүрлі кедергілерден (сызық, таяқша, шағын заттар) аттап өтеді. Қозғалыс үйлесімділігі, тепе-теңдік, аяқ бұлшықеттері дамиды. Жаттығуды дұрыс орындауға, қауіпсіздік сақтауға үйренеді. **Еңбекке баулу:** Ауланы сыпыруға көмектесу. Балалар шағын сыпырғышпен ауладағы жапырақтар мен қоқыстарды жинайды. Еңбектің маңызын түсініп, тазалық сақтауға дағдыланады. Ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиеленеді, бірлесіп жұмыс істеуге үйренеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалыс үйлесімділігі, қол бұлшықеттері дамиды. Қауіпсіздік ережелері ескертіледі.<br>**Еңбекке баулу:** Алаңдағы ұсақ қоқыстарды жинау, тазалыққа үйрету. Балалар қоқысты арнайы орынға жинайды, еңбектің маңызын түсінеді. Тазалық сақтау, табиғатты қорғау туралы түсініктері қалыптасады. Бірлесіп жұмыс істеуге, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиеленеді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, барлық адамдардың тең екенін түсіндіру. Бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. (әңгімелесу, ойын)<br><br>**Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»** Балаларға заттардың еңбектің нәтижесі екенін түсіндіру. Сатып алу-сату әрекеттерін ойын арқылы көрсету. (ойын «Дүкен»)<br><br>**Сурет салу «Достық гүлі»** Балалардың түстер туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі түстерді қолдана отырып, достық гүлін салу. Бояуларды | **Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»** Балаларға ойыншықтардың дүкенде сатылатынын түсіндіру. Ақша арқылы сатып алу әрекетін көрсету. Заттың еңбек нәтижесі екенін ұғындыру. (рөлдік ойын «Дүкен»)<br><br>**Сурет салу «Біз бірге ойнаймыз»** Балалардың бірлесіп ойнап жатқан сәтін бейнелеу. Түрлі түстерді қолдану, бояуларды араластыру арқылы жаңа реңктер шығару. (дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс)<br><br>**Мүсіндеу «Ойыншық»** Балаларды | **Зерттеу:** Су қандай болады?<br>**Мақсаты:**Балаларға судың қасиеттерін (түссіз, иіссіз, дәмсіз, сұйық) тәжірибе арқылы таныстыру, бақылау және қорытынды жасау дағдыларын дамыту.<br><br>**Міндеттері:** Суды бақылау, салыстыру, тәжірибе жасауға үйрету Логикалық ойлау қабілетін дамыту.Табиғатқа қызығушылықтарын арттыру.Қажетті құралдар:Мөлдір стакандар,Су,Қант, тұз,Қасық,Бояу (гуашь немесе акварель)<br><br>**Зерттеу барысы:**<br><br>1. Әңгіме (кіріспе)Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:– Су қандай? (Балалардың жауаптары тыңдалады)2. Тәжірибе жасау1-тәжірибе: Судың түсі бар ма?Стакандағы суды қарайды. Қорытынды: су – түссіз.2-тәжірибе: Судың иісі бар ма?Суды иіскейді. Қорытынды: су – иіссіз.3-тәжірибе: Суға қант/тұз | | **Қаржылық сауаттылық элементі «Сатып алу-сату»** Балаларға ақша арқылы сатып алу әрекетін бекіту. Дүкен ойынын ұйымдастыру. (рөлдік ойын «Дүкен»)<br><br>**Сурет салу «Достық мерекесі»** Балаларды мерекелік көріністі бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру. (шығармашылық жұмыс)<br><br>**Мүсіндеу «Достық»** Балаларды достық тақырыбында композиция жасауға үйрету. (практикалық жұмыс)<br><br>**Жапсыру «Ортақ жұмыс»** Балаларды ұжымдық жұмысқа баулу. (топтық жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Достық қаласы»** Балаларды құрылыс материалдарынан қала құрастыруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | араластыру арқылы жаңа түс шығару.<br>(дәстүрден тыс әдіс)<br><br>**Мүсіндеу «Достар»**<br>Балаларды ермексаздан адам бейнесін жасауға үйрету.<br>Домалақтау, қысу, тарту әдістерін қолдану.<br>(практикалық жұмыс)<br><br>**Жапсыру «Достық шеңбері»**<br>Элементтердің ретін сақтай отырып, достық шеңберін құрастыру.<br>(үлгі бойынша жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Достық алаңы»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан ортақ ойын алаңын | ермексаздан ойыншық жасауға үйрету.<br>Домалақтау, созу, қысу әдістерін қолдану.<br>(практикалық жұмыс)<br><br>**Жапсыру «Ойын алаңы»**<br>Элементтердің ретін сақтай отырып, ойын алаңының композициясын құрастыру.<br>(үлгі бойынша жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Лего алаңы»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан ойын алаңын жасауға үйрету.<br>Кеңістікте дұрыс орналастыру (оң, сол, қатар).<br>(конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын) | салуҚант салып араластырадыҚорытынды: суда ериді.4-тәжірибе: Суға бояу қосу,Бояу қосып араластырады Қорытынды: су түсін өзгертеді | | Кеңістікте орналастыру.<br>(конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасауға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (конструктормен жұмыс, ойын) | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дыбысты тап<br>Шарты: Балаға белгілі бір дыбыс айтылады Бала сол дыбыстан басталатын сөздерді атайды | Қарама қарсы сөз<br>Шарты: Тәрбиеші сөз айтады Бала оған қарама қарсы сөзді табады | Қай жерде тұр<br>Шарты: Бала заттардың орналасуын айтады сол оң жанында арасында сөздерін қолданады | | Қимылды айт<br>Шарты: Бала етістіктерді бұйрық райда айтады отыр тұр жүр жүгір |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға,<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Көбелекті ұста»<br>Шарты: Балалар алаңда еркін қозғалады Бір бала көбелек болады Қалған балалар көбелекті ұстап алуға тырысады | «Қояндар мен қасқыр»<br>Шарты: Балалар қояндар болып секіріп жүреді Бір бала қасқыр болады Белгі бойынша қасқыр қояндарды қуады Ұсталған бала қасқыр болады | «Кім жылдам»<br>Шарты: Балалар белгі бойынша жүгіріп берілген жерге жетуі керек Кім бірінші жетсе сол жеңімпаз болады | | «Допты қуып жет»<br>Шарты: Тәрбиеші допты домалатады Балалар допты қуып жетіп ұстап алуы керек |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар | | | | |

| | |
|---|---|
| | және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Айгөлек» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (12.05-15.05.2026 жж)
**Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы
**Апта дәйек сөзі:** «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ,ұйым жоқ болса күнің жоқ» Адал азамат бір тұтас тәрбие бағдарламасы
**Тәрбиешілер:** Калигожина А.Б
Қондыбаева А.Қ

| **Күн тәртібінің үлгісі** | | **Сейсенбі 12.05.2026 ж** | **Сәрсенбі 13.05.2026 ж** | **Бейсенбі 14.05.2026 ж** | **Жұма 15.05.2026 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | «Кім не істейді»<br>Шарты: Балаларға әр түрлі әрекеттер айтылады Олар қай мамандыққа қатысты екенін табады<br>**Ерте кәсіптік бағдар беру** | «Жақсы мен жаман»<br>Шарты: Тәрбиеші әр түрлі жағдаяттарды айтады Балалар жақсы және жаман әрекеттерді ажыратып дұрыс жауапты таңдайды өз ойларын түсіндіреді<br>**Біртұтас тәрбие** | «Қимылды қайтала»<br>Шарты: Тәрбиеші әр түрлі қимылдарды көрсетеді Балалар сол қимылдарды қайталап орындайды<br>Қимыл әрекеті | «Заттарды тап»<br>Шарты: Тәрбиеші заттардың атауын айтады Балалар сол заттарды тауып көрсетеді<br>Танымдық әрекет |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Бір аяқты көтеріп тұрып затты бір қолдан екінші қолға беру, қолды кеуде тұсына қойып қозғалыстар орындау арқылы тепе-теңдік пен қол-аяқ үйлесімділігін дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Гимнастикалық орындық бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру арқылы ептілік пен дене үйлесімділігін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойындар**<br>Доппен белсенді ойындар ойнау, допты лақтыру, қағып алу, домалату арқылы қимыл белсенділігін | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Көңілді күй тыңдатылады. Балалар музыка қарқынын, көңіл күйін иллюстрациялармен салыстырады.<br>**Ән айту:**<br>Әнді мәнерлеп айту, дыбысты созу, қимылмен үйлестіру. Ән мазмұнын түсініп орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыкаға сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру (жай, жылдам). Қимылдарды музыкаға дәл келтіру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Металлофонда қарапайым әуенді қайталау.<br>**Билер:**<br>Ленталармен би қимылдарын орындау, қозғалысты әсем жеткізу.<br>**Ойын:**<br>«Қарқынды сез» – музыка өзгергенде | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Дыбыстарды анық айтамыз»**<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту, қазақ тіліне тән қ, ғ, ұ дыбыстарын анық әрі дұрыс айтуға үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Қ, ғ, ұ дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтуға жаттықтыру.<br>**Сөздік қор**<br>Ертегі тыңдау арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Тыңдаған ертегінің мазмұнын түсініп, негізгі кейіпкерлер мен оқиғаны ажыратуға үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Жай сөйлемдерді дұрыс құрастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс байланыстырып, толық және түсінікті сөйлемдер айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Сұрақтарға толық әрі нақты жауап беруге | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды артқа апару, төмен түсіру, иықты қозғалтатын жаттығулар орындау арқылы арқа және иық бұлшық еттерін дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>«Жыланша» жүгіру арқылы бағытты өзгертіп қозғалу, ептілік пен жылдамдықты жетілдіру.<br>**Қимылды ойындар**<br>Құрсау және секіргішпен ойындар ойнау, құрсауды айналдыру, секіргішпен секіру арқылы қимыл белсенділігін арттыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, денені жеңіл жаттығулармен шынықтыру арқылы денсаулықты нығайту.<br>**Жалаң аяқ жүру**<br>Жалаң аяқ әртүрлі беткейде жүру арқылы табан бұлшық еттерін нығайту және ағзаны шынықтыру. | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Ән мен күйді салыстыра тыңдау. Балалар айырмашылығын анықтайды.<br>**Ән айту:**<br>Әнді сүйемелдеусіз орындау. Таза дыбыстауға көңіл бөлу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Сахналау элементтері арқылы ән мазмұнын көрсету.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Металлофонмен ырғақты сүйемелдеу.<br>**Билер:**<br>Музыка сипатына сәйкес жұптық би орындау.<br>**Ойын:**<br>«Қай музыка?» – тыңдалған әуеннің ән бе, күй ме екенін ажырату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, денені жеңіл жаттығулармен шынықтыру арқылы денсаулықты нығайту.<br>**Су процедуралары**<br>Қолды, бетті жуу, денені сумен сүртіну, жылы және салқын суды алмастырып қолдану арқылы ағзаны шынықтыру. | балалар қимыл қарқынын өзгертеді (жылдам/баяу).<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Екі қолды белге қойып отырып-тұру, қолды жан-жаққа созу арқылы аяқ, арқа және иық бұлшық еттерін дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Заттардан кезекпен аттап өту арқылы ептілік, үйлесімділік және қозғалыс дәлдігін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойындар**<br>Жетекші рөлмен ойындар ұйымдастыру, балалардың біреуі жетекші болып, басқалары оның қимылын қайталау арқылы белсенділікті арттыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, жеңіл дене жаттығулары арқылы денсаулықты нығайту. | үйрету. Өз ойын жүйелі жеткізіп, сөйлемдерді байланыстырып айту дағдыларын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Жаттығу, қайталау, сұрақ-жауап, үлгі көрсету әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау.<br>**Тапсырмалар**<br>Берілген дыбыстарды қайталап айту және сөз ішінде қолдану. Ертегі бойынша сұрақтарға жауап беру. Қарапайым сөйлемдер құрастыру.<br>**Ойын: «Дұрыс айт»**<br>Тәрбиеші қ, ғ, ұ дыбыстары бар сөздерді айтады, балалар сол сөздерді анық әрі дұрыс қайталайды. Дыбыстарды дұрыс айтуға ерекше көңіл бөлінеді. Ойын арқылы балалардың сөйлеу дағдылары жетілдіріледі. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тыныс алу жаттығулары**<br>Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең тыныс алу, баяу дем шығару арқылы тыныс алу жүйесін дамыту | | | |
| | | **Апталық дәйексөз**<br>«Ерлік – елге мұра.»<br>**Тіл дамыту «Батырлар әлемі»**<br>Балаларды батырлық, ерлік ұғымдарымен таныстыру (батыр, сарбаз, қорғаушы). Сөздік қорын «батыл», «ержүрек», «қорғау», «Отан» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді ажырату («б» дыбысы: батыр, батыл). Сөйлем құрау дағдыларын дамыту.<br>(әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер батыр болмаса не болар еді?»)<br><br>**Көркем әдебиет «Батыр туралы өлең»**<br>Балаларға батырлық туралы қысқа өлең тыңдату. Мазмұнын | **Тіл дамыту «Батыл бала»**<br>Балаларды батылдыққа, өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. Батыл баланың іс-әрекеттерін сипаттау (қорықпайды, көмектеседі, қорғайды). Сөздік қорын «батыл», «ержүрек», «қорықпайды», «көмектеседі» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді ажырату («б» дыбысы: батыл, бала). Антоним сөздерді қолдану (батыл–қорқақ, күшті–әлсіз). Сөйлем құрау және өз ойын толық жеткізу дағдыларын дамыту.<br>(әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», «Қимылды қайтала», TRIZ «Егер сен батыр болсаң не істер едің?») | **Тіл дамыту «Біз қорғаушылармыз»**<br>Балаларды Отанды қорғау ұғымымен таныстыру, батырлық пен жауапкершілік туралы түсінік қалыптастыру. Сөздік қорын «Отан», «қорғау», «батыр», «ержүрек» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстарды ажырату («б», «қ» дыбыстары: батыр, қорғау). Антоним сөздерді қолдану (батыр–қорқақ, күшті–әлсіз). Сөйлем құрау, әңгіме айту дағдыларын дамыту.<br>(әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», «Әңгіме құрастыр» ойыны, TRIZ «Егер сен қорғаушы болсаң не істер едің?»)<br><br>**Көркем әдебиет «Батырлар туралы шығарманы мазмұндау»**<br>Балаларды тыңдалған | **Тіл дамыту «Батырлар мерекесі»**<br>Балаларды өз ойларын еркін айтуға, әңгіме құрауға және сахналауға үйрету. Батырлық, ерлік туралы түсініктерін бекіту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіру. Сөздік қорын «батыр», «ерлік», «қорғау» сөздерімен толықтыру.<br>(әңгімелесу, сұрақ-жауап, сахналау ойыны «Батырлар көрінісі»)<br><br>**Көркем әдебиет «Өлеңді мәнерлеп айту»**<br>Балаларды өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді дұрыс қолдану.<br>(мәнерлеп оқу, рөлдік оқу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түсіну, жатқа айту, мәнерлеп айту.<br>(мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлдік оқу)<br>**Қазақ тілі «Батырды сипаттаймыз»**<br>Балаларды батырды сипаттауға үйрету (батыл, күшті, мықты). Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту. Жай сөйлемдер құрау, диалог дамыту.<br>(диалог, сөздік ойын)<br>**Математика негіздері «Сарбаздарды санаймыз»**<br>1–5 дейін санау. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап. Сарбаздарды жұппен салыстыру (тең/тең емес).<br>(«Санап көр», салыстыру)<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Отан қорғаушылар»**<br>Балаларды әскери мамандықтармен таныстыру (сарбаз, ұшқыш, теңізші). Отанды қорғау – әр | **Көркем әдебиет «Батыр туралы өлеңді қайталау»**<br>Балаларға өткен өлеңді қайталап айтқызу. Өлең мазмұнын түсіну, жатқа айту, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонация, үзіліс, логикалық екпінді дұрыс қолдану.<br>(мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, «Кім дұрыс айтады?»)<br>**Қазақ тілі «Мен батылмын»**<br>Балаларды өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «батыл», «қорғаймын», «көмектесемін» сөздерімен толықтыру. Диалог құру дағдыларын дамыту.<br>(диалог, сөздік ойын, «Сұрақ қой – жауап бер» ойыны)<br>**Математика негіздері «Сарбаздар сапта»**<br>Балаларды 1–5 дейін санауға бекіту. Реттік санау (бірінші, екінші). | шығарманың мазмұнын ретімен айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау, жақсы мен жаманды ажырату, жанашырлық таныту.<br>(мазмұндау, сұрақ-жауап, «Кім не істеді?» ойыны)<br><br>**Қазақ тілі «Біз Отанды қорғаймыз»**<br>Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «қорғаймын», «батырмын», «көмектесемін» сөздерімен толықтыру.<br>(диалог, сөздік ойын, «Сөйлеп көр» ойыны)<br><br>**Математика негіздері «Салыстырамыз және пішіндерді танимыз»**<br>Балаларды заттарды ұзындығы, ені, биіктігі бойынша салыстыруға үйрету (ұзын-қысқа, биік-аласа). Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) | **Қазақ тілі «Батыр туралы әңгіме»**<br>Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.<br>(диалог, сөздік ойын)<br><br>**Математика негіздері «Кеңістікте бағдарлау»**<br>Балаларды кеңістік бағыттарын анықтауға үйрету (оң, сол, алда, артта, жоғары-төмен). Заттардың орналасуын сөзбен сипаттау.<br>(дидактикалық ойын «Қай жерде тұр?», практикалық жұмыс)<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік және тәртіп»**<br>Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету (электр құралдары, сіріңке, жолда жүру). Қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау.<br>(әңгімелесу, бақылау, ойын «Қауіпсіз бе?»)<br><br>**Ерте кәсіптік бағдар,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | азаматтың міндеті екенін түсіндіру. (әңгімелесу, бақылау) | «Нешінші?» және «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру. Сарбаздарды қатарға қойып салыстыру (тең/тең емес). (дидактикалық ойын «Нешінші тұр?», «Санап көр», салыстыру, топтастыру)<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік ережелері»**<br>Балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру (өрттен сақтану, электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау). Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға үйрету. (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын «Қауіпсіз бе?»)<br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Балаларды құтқарушы, өрт сөндіруші мамандықтарымен таныстыру. Бұл мамандықтардың адамдарды қорғаудағы маңызын түсіндіру. Әр адамның өмір сүруге және қауіпсіздікке құқығы бар екенін | ажырату, көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Салыстыру нәтижелерін сөзбен айтуға үйрету. (дидактикалық ойын «Қайсысы ұзын?», «Пішінді тап», практикалық жұмыс)<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Табиғатты қорғаймыз»**<br>Балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету. Қарапайым экологиялық ережелерді сақтау (қоқыс тастамау, өсімдікті жұлмау). Табиғатқа ұқыпты қарау – әр адамның міндеті екенін түсіндіру. (әңгімелесу, бақылау, тәжірибе, ойын «Табиғатты қорға»)<br><br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Балаларды еңбек түрлерімен таныстыру. Әр адамның еңбегі маңызды екенін түсіндіру. Әр адамның қауіпсіздікке және қорғауға құқығы бар екенін ұғындыру. (әңгімелесу, ойын «Еңбек | **құқықтық тәрбие**<br>Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру. (әңгімелесу, ойын «Кім болғым келеді?»)<br><br>**Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»**<br>Балаларға сатып алу-сату әрекеттерін бекіту. Ақша арқылы зат алу дағдыларын дамыту. (рөлдік ойын «Дүкен»)<br><br>**Сурет салу «Мерекелік сурет»**<br>Балаларды мерекелік көріністі бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру. (шығармашылық жұмыс) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұғындыру.<br>(әңгімелесу, ойын «Кім не істейді?») | не үшін керек?») | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | **Бақылау:** Желдің бағытын сезіну (жапыраққа қарап). Балалар жапырақтардың қозғалысына қарап желдің бағытын анықтайды, желдің күшін сезінеді. Сұрақтар: «Жел қай жақтан соғып тұр?», «Жапырақ қалай қозғалып жатыр?», «Жел қатты ма, әлсіз бе?» Балалар табиғат құбылыстарын бақылап, қарапайым қорытынды жасайды.<br>**Қимылды ойын:** «Қояндар» – секіріп қозғалу. Балалар қоян сияқты қос аяқпен секіріп, белгіленген бағытта | **Бақылау:** Гүлдердің ашылуын бақылау. Балалар гүлдердің қалай ашылатынын, түсін, пішінін, иісін байқайды. Уақыт өте келе өзгерістерін салыстырады. Сұрақтар: «Гүл қандай түсті?», «Қашан ашылады?», «Күн шыққанда не өзгереді?» Балалар табиғаттағы өзгерістерді түсініп, өсімдіктерге қамқорлық жасау қажеттігін ұғынады.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» – белгі бойынша жүгіру. Балалар белгі берілгенде жылдам жүгіріп, межеге бірінші жетуге тырысады. Ойын барысында шапшаңдық, | **Бақылау:** Бұлттарды бақылау (ақ, жылжиды). Балалар аспанға қарап, бұлттардың түсін, пішінін, қозғалысын байқайды. Сұрақтар: «Бұлттар қандай?», «Олар тез қозғала ма?», «Қайда бара жатыр?» Балалар қарапайым салыстыру жасап, табиғат құбылыстарын түсіне бастайды.<br>**Қимылды ойын:** «Жасырынбақ» – қарапайым нұсқа. Балалар белгі бойынша жасырынады, бір бала іздейді. Ойын барысында балалар кеңістікті бағдарлауға, тыныш тұруға, ережені сақтауға үйренеді. Зейіні, байқампаздығы, | **Бақылау:** Құмның құрғақ және ылғал күйін салыстыру. Балалар құмды қолмен ұстап көріп, оның қасиеттерін байқайды: құрғақ құм шашылады, ал ылғал құм жабысып, пішін жасауға ыңғайлы болады. Сұрақтар: «Қай құммен ойнау оңай?», «Қайсысы жақсы жабысады?» Балалар тәжірибе арқылы қарапайым қорытынды жасайды.<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қоян». Бір бала «қасқыр», қалғандары «қоян» болады. Қояндар белгі бойынша жүгіріп, қасқырдан қашады. Ойын барысында шапшаңдық, ептілік, бағытты тез |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қозғалады. Ойын барысында тепе-теңдік сақтау, шапшаңдық, ептілік дамиды. Белгі бойынша тоқтап, қайта жалғастыруға үйренеді. **Спорттық ойын:** Қысқа қашықтыққа жүгіру. Балалар белгіленген арақашықтыққа жылдам жүгіріп өтеді. Жылдамдық, төзімділік, қозғалыс үйлесімділігі дамиды. Жаттығу кезінде қауіпсіздік сақталып, арақашықтықты дұрыс ұстауға үйренеді. **Еңбекке баулу:** Қоқыс жинау. Балалар алаңдағы ұсақ қоқыстарды жинап, арнайы орынға тастайды. Тазалық сақтау, табиғатты қорғау туралы түсініктері қалыптасады. Ұқыптылыққа, жауапкершілікке, бірлесіп еңбек етуге тәрбиеленеді. | ептілік, зейін дамиды. Ережені сақтап, қауіпсіздікке мән береді. **Спорттық ойын:** Орнында қос аяқпен секіру. Балалар екі аяқпен бір орында секіреді, тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Аяқ бұлшықеттері, қозғалыс үйлесімділігі дамиды. Жаттығуды дұрыс орындауға үйренеді. **Еңбекке баулу:** Гүлдерді суару. Балалар гүлдерге су құю тәртібін сақтайды, өсімдіктерді күтіп-баптауға қатысады. Табиғатқа деген сүйіспеншілігі артып, жауапкершілік, ұқыптылық дағдылары қалыптасады. | шапшаңдығы дамиды. **Спорттық ойын:** Допты жоғары лақтыру. Балалар допты жоғары лақтырып, оның түсуін бақылап, қайта ұстауға тырысады. Қозғалыс үйлесімділігі, қол икемділігі, көз мөлшері дамиды. Жаттығу қауіпсіздік сақтай отырып орындалады. **Еңбекке баулу:** Құралдарды орнына қою. Балалар ойыннан кейін құралдарды жинап, өз орындарына қояды. Тәртіп сақтауға, ұқыптылыққа дағдыланады. Еңбектің нәтижесін бағалап, жауапкершілік сезімі қалыптасады. | өзгерту қабілеті дамиды. Балалар ережені сақтап, қауіпсіз ойнауға үйренеді. **Спорттық ойын:** Допты аяқпен тебу. Балалар допты аяқпен бағыттап тебуді, оны дәл жеткізуді үйренеді. Қозғалыс үйлесімділігі, аяқ бұлшықеттері, тепе-теңдік дамиды. Жаттығу кезінде арақашықтық сақталып, қауіпсіздік ережелері орындалады. **Еңбекке баулу:** Алаңды тазалау. Балалар алаңдағы қоқыстарды жинап, белгіленген орынға апарады. Тазалық сақтаудың маңызын түсінеді, табиғатты қорғауға үйренеді. Ұқ |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Әскери мамандықтар туралы түсінік беру. Әр адамның өз елін қорғауға құқығы мен міндеті бар екенін түсіндіру.<br>(әңгімелесу, ойын)<br>**Қаржылық сауаттылық элементі «Әскери киімдер дүкені»**<br>Заттардың еңбек нәтижесі екенін түсіндіру. Сатып алу-сату әрекеттерін ойын арқылы көрсету.<br>(рөлдік ойын «Дүкен»)<br>**Сурет салу «Әскери техника»**<br>Әскери көліктерді бейнелеу, түстерді қолдану.<br>**Мүсіндеу «Сарбаз»**<br>Ермексаздан сарбаз жасау.<br><br>**Жапсыру «Ту»**<br>Ту бейнесін құрастыру.<br>**Құрастыру «Әскери база»**<br>Құрылыс материалдарынан база жасау. | **Қаржылық сауаттылық элементі «Әскери дүкен»**<br>Балаларға әскери киімдер мен құралдардың дүкенде сатылатынын түсіндіру. Еңбек нәтижесінде пайда болатын заттарды сатып алу әрекетін көрсету.<br>(рөлдік ойын «Дүкен»)<br>**Сурет салу «Батыр бала»**<br>Балаларды батыр баланың бейнесін салуға үйрету. Түрлі түстерді қолдану, бояуларды үйлестіру.<br>(дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс)<br>**Мүсіндеу «Қалқан»**<br>Балаларды ермексаздан қалқан жасауға үйрету. Домалақтау, қысу, тегістеу әдістерін қолдану.<br>(практикалық жұмыс)<br>**Жапсыру «Медаль»**<br>Балаларды медаль жасауға үйрету. Элементтердің ретін сақтап, композиция құру.<br>(үлгі бойынша жұмыс)<br>**Құрастыру «Қорған»**<br>Балаларды құрылыс | **Вариативтік компонент (маман жоспары бойынша)**<br>**Қаржылық сауаттылық элементі «Еңбек – табыс көзі»**<br>Балаларға еңбек арқылы табыс табылатынын түсіндіру. Еңбек нәтижесінде заттар жасалатынын көрсету.<br>(әңгімелесу, ойын «Не үшін еңбек етеміз?»)<br><br>**Сурет салу «Табиғатты қорғаймыз»**<br>Балаларды табиғатты қорғау тақырыбында сурет салуға үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру, бояуларды араластыру арқылы жаңа реңктер шығару.<br>(дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс)<br><br>**Мүсіндеу «Табиғат бұрышы»**<br>Балаларды табиғат элементтерін (ағаш, гүл, шөп) мүсіндеуге үйрету. Домалақтау, созу, біріктіру әдістерін қолдану.<br>(практикалық жұмыс) | **Мүсіндеу «Батыр»**<br>Балаларды батыр бейнесін мүсіндеуге үйрету. Әртүрлі бөліктерді біріктіру.<br>(практикалық жұмыс)<br><br>**Жапсыру «Ортақ жұмыс»**<br>Балаларды ұжымдық жұмысқа баулу. Композиция құру.<br>(топтық жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Әскери қала»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан қала құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру.<br>(конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | материалдарынан қорған жасауға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын) | **Жапсыру «Ұжымдық композиция»** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Элементтердің ретін сақтап, композиция құрастыру. (үлгі бойынша жұмыс, топтық жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Табиғи материалдардан құрастыру»** Балаларды табиғи материалдардан (жапырақ, дән, қағаз) құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (шығармашылық ойын, практикалық жұмыс) | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Әңгіме құрастыр Шарты: Бала сурет бойынша қысқа әңгіме құрайды | Өлең жаттау Шарты: Бала қысқа өлеңді мәнерлеп қайталап айтады | Дыбысты дұрыс айт Шарты: Бала ө қ ү ұ і ғ дыбыстары бар сөздерді анық айтады | Сұраққа жауап бер Шарты: Бала қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап береді |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | «Түлкі мен балапандар» | «Ақ серек көк серек» Шарты: Балалар екі | «Мысық пен тышқандар» Шарты: Бір бала мысық | «Жалаушаны әкел» Шарты: Балалар белгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Шарты: Бір бала түлкі болады Қалғандары балапандар Түлкі балапандарды қуады Ұсталған бала түлкіге айналады | топқа бөлінеді Бір топ қарсы топтан баланы шақырады Шақырылған бала жүгіріп келіп тізбекті бұзуға тырысады | болады Қалғандары тышқандар Мысық тышқандарды ұстайды Ұсталған бала мысық болады | бойынша жүгіріп барып жалаушаны алып қайтуы керек |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

Тексерілді: Бердаулетова

Ұсыныс: Ұлттық ойындарды жүйелі түрде кіріктіру ұсынылады.